

**Ш. ҚҰЛМАНОВА, Б. СҮЛЕЙМЕНОВА,  
Т. ТОҚЖАНОВ, Ж. МАХАМБЕТОВА**

# МУЗЫКА

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

# 3

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1  
ББК 85.31 я 72  
М 78

*Оқулық бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер:



– музыканы тыңдау



– өнді орындау



– оқу



– ойын



– тапсырмалар, сұрақтар

**Құлманова Ш. т.б.**

**М 78 Музыка:** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық/ Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т., Махамбетова Ж. – Алматы: Атамұра, 2018. – 160 бет.

ISBN 978-601-331-102-9

ISBN 978-601-331-102-9

© Құлманова Ш., Сүлейменова Б.,  
Тоқжанов Т., Махамбетова Ж., 2018  
© «Атамұра», 2018



## Жас дос!

Биыл сенің бойың да, ойың да өсті. Тағы бір музыкалық білімнің баспалдағына көтерілдің.

«Музыка, яғни ән – көңілдің ажары» дегенді естідің бе? Шынында да солай ма? Егер айналаға көз салсақ, музыканың өмір нәрі екендігін байқаймыз. Себебі музыка өзінің көркемдеуіш құралдары арқылы қоршаған ортаны, табиғат құбылысын, уақытты, адамның көңіл күйі мен сезімін сипаттайды.


Әсерлі, терең ой қозғайтын музыка адамды толғандырады, адал өрі мейірімді болуға тәрбиелейді.

Бір күніңді музыкасыз елестетіп көрші... Қандай сезімде болар едің? Музыка өмір бойы бізбен бірге, мұңайғанда да, қуанышта да жанымызда. Музыканың құдіреті сондай керемет, біз оны тыңдағанда қуанамыз да мұңаямыз, демаламыз да ойланамыз, шаттанып, жақсылық жасауға талпынамыз.

Үшінші сыныпта «Музыка» пәні сені табиғат сырларына жетелейді, «уақыт» ұғымын ашады, сәулет, басқа да өнер түрлерімен таныстырып, атақты тұлғалар, демалыс, мереке туралы әңгімелейді.

Әсем музыка әлеміне сәт сапар!

# ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



Табиғат ол – анамыз,  
Табиғатқа баламыз.  
Құшағында ойнаймыз,  
Шаттық әнге саламыз.

*(Н. Жанаев)*

**Бөлімнен:**

- әртүрлі көңіл күйдегі музыка мен жанды табиғаттың байланысын тауып, талқылауды;
  - тыңдалған музыкалық шығарманың, өннің сипатын, мазмұнын, көркемдеуіш құралдарын анықтауды және салыстыруды;
  - музыкалық көркемдеуіш құралдарды (штрих) ажыратуды және қолдануды;
  - қазақтың үрлемелі музыкалық аспаптарының (сыбызғы, сазсырнай) дыбыс бояуын, ойнау тәсілін ажыратуды
- үйренесің.**

**Музыкалық сауат:**

- музыкалық бейне;
- регистр;
- тембр;
- музыкалық көркемдеуіш құралдар – штрих: *legato*, *nonlegato*, *staccato*;
- сыбызғы;
- сазсырнай.

**Терминдер мен ұғымдар:**

- музыкалық көркемдеуіш құралдар – средства музыкальной выразительности – means of musical expression;
- сыбызғы – сыбызгы – sybyzgy;
- сазсырнай – сазсырнай – sazsyrnai;
- тембр – тембр – timbre;
- регистр – регистр – register;
- штрих – штрих – touch.



## Табиғат және музыка

1-тапсырма. Тыңдау. Талдау.

 Табиғат – біздің алтын бесігіміз. Орманның сиқырлы сыбдырын, бұлақтың нәзік сылдырын, құстардың сайрағанын біз қашан да сүйсініп тыңдаймыз. Ал таулардың асқақ шыңдарына, даланың дарқандығына, өзен-көлдің айнадай айдынына сүйсіне қараймыз. Осындай ғажап көріністер композитор, музыкант, ақын, суретшілерге қалай әсер етеді? Ол әсерден не туындайды? Сен қалай ойлайсың?



**?!** Ғаламтор желісінен немесе бейнетаспада берілген табиғат көріністерін көр. *Мына сұрақтарға жауап бер:*

- *Табиғат* дегеніміз не?
- Жанды табиғатқа не жатады? Жансыз табиғатқа не жатады?
- Бірінші сыныпта «Дүниетану» сабағында өткен ақпараттарды есіңе түсір. Түсінгеніңді айтып бер.


2-тапсырма. Зерттеу. Талдау.



### «Табиғат әуені»

(ойын)

**Ойынның шарты.** Сөзжұмбақта «табиғат» сөзін құрастыратын – «жанды табиғатқа» қатысты сөздер. «Жансыз табиғатқа» қатысты сөздер «әуені» деген сөзді құрастырады. Ұсынған сөздерден керектілерді тауып, сөзжұмбақты сыныппен бірге шеш. Таңдаған сөздерің туралы түсінігіңді айтып бер.



**Жанды табиғат:** құстар, жемістер, мал, жан-жануарлар, балық, ағаш, адам, көгөніс, бидай, тауық.

**Жансыз табиғат:** су, ауа, теңіз, тәулік, тас, түн, тау, күн, ай, құм, жел, бұлт.

3-тапсырма. Зерттеу. Ақпарат іздеу.



### Табиғат пен музыка

(ойын)

**Ойынның шарты.** Оқушылар үш топқа бөлінеді: «Жанды табиғат өкілдері», «Жансыз табиғат өкілдері», «Музыканттар». Бірінші топ: «Жансыз табиғат (мысалы: су, ауа, күн) жоғалып кетсе, адам баласы, жан-жануарлар, өсімдіктер өмір сүре ала ма?» деген сұраққа мәлімет іздейді және мысалдар келтіріп, жауаптарын дәлелдейді. Екінші топ жанды және жансыз табиғаттың байланысын мәлімет пен мысалдар келтіріп көрсетеді. «Музыканттар» тобы табиғаттың композиторлар шығармашылығына беретін әсеріне және музыка мен табиғаттың байланысына түсінік береді.

Үш топтың орындайтын соңғы тапсырмасы – табиғат пен музыканың бір-бірімен байланысын мысалдар келтіре отырып, дәлелдеп түсіндіру.



**Табиғатқа қатысты:** қоршаған орта, жан-жануарлар, өсімдіктер, жер, ауа, күн мен түн, ай мен жұлдыздар, су, өзендер мен көлдер, таулар мен дала, орман және адам. Олар жанды және жансыз табиғатқа бөлінеді.

**Жанды және жансыз** табиғат бір-бірімен тығыз байланысты болады. Себебі жан-жануарлар, өсімдіктер және адамның өзі күн, жылу, су, ауа болмаса өмір сүре алмайды.

**Табиғатқа қатысты емес:** адамның қолымен жасалған заттар (*мысалы*, музыкалық аспаптар, музыкалық шығармалар, әндер).

- ?! • Суреттерді анықтап қара. Қай суреттер табиғат құбылыстарын, ал қай суреттер адам қолымен жасалған музыкалық аспаптарды бейнелейді?



- Адам жасаған музыкалық аспаптар мен нота жазбаларын табиғи заттарға жатқызуға бола ма?
- Табиғат пен музыканың байланысын табиғатқа арналған әндер мен түрлі музыкалық шығармалар арқылы көруге бола ма?
- Музыкалық аспаптар табиғат құбылыстарының дыбыстарын сала ала ма?





4-тапсырма. Тыңдау. Талдау.



## Қазақ жері

(«Тұран» этнофольклорлық ансамблінің орындауынан үзінді)



- Шығарма орындалғанда көз алдыңа нені елестеттің?
- Қандай аспаптардың дыбысын естідің? Суреттерден тауып ал.



домбыра



шаңқобыз



жетіген



дауылшаз



дабыл



қобыз



даңғыра



сыбызғы

- Аспаптар табиғаттың қандай көріністерін бейнелейді? Түсінгеніңді айтып бер.
- Аспап дыбыстарының айырмашылығы неде?
- Аспап дыбысының шығуы немен байланысты?
- Екінші сыныпта сен тембр (дыбыс бояуы), регистр туралы түсінік алған болатынсың. Есіңе түсір.

**Регистр** – музыкалық аспаптардың немесе әнші дауысының белгілі бір биіктікте орналасқан дыбыс диапазонының бөлігі: жоғары, ортанғы, төмен.

**Тембр** – дыбыс бояуы (сапасы).



5-тапсырма. Өнді үйрену.



## Кемпірқосақ

Өлеңін жазған: А. Асылбек

Әнін жазған: Ә. Бүшікова



Жаңбыр жауып, басылды,  
Күннің көзі ашылды.  
Өзен, көлдің үстіне  
Кемпірқосақ асылды.

*Қайырмасы:*

Қызыл түсі қызғалдақтай,  
Сары түсі сарғалдақтай,  
Көгілдірі көк аспандай,  
Көгі жайлау жарасқандай,  
Ел қызыға қарасқандай,  
Кемпірқосақ ғажап қандай?!

- ?! 1.** Әннің бірінші шумағы мен қайырмасын мұғалім қойған талаптар бойынша үйрен.
- 2.** Оны мәнерлеп, әдемі айтуға тырыс.



3. Әннің ырғағын шапалағыңмен ақырын сүйемелде.

4. Ән туралы өз пікіріңді айт.

**6-тапсырма.** Суырыпсалма.



### «Көңілді кемпірқосақ»

(суырыпсалма ойын)

**Ойынның шарты.** Топтық жұмыс. Өз тобыңмен бірге мына тақпаққа **до, ми, соль** ноталарын пайдаланып, қарапайым бір жол әуен құрастыр. Оны тақпақтың әр жолына пайдалан.

Күн күркіреп аспанда,  
Найзағай көкте ойнады.  
Жел бұлтты алып қашқанда,  
Кемпірқосақ жайнады.

Мазмұнына қарай көркемдеуіш құралдарды (екпін, ырғақ, дыбыс биіктігі, форте, пиано сияқты динамикалық белгілерді) пайдалан. Көтеріңкі көңіл күйде мөнерлеп, әдемі орында, шулы аспаптармен сүйемелде.

**7-тапсырма.** Бағалау.

**?! Ойынның шарты бойынша тақпақты құрастырған әуеніңмен қосып орында.**

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Әуен шығарған кезде қандай кедергілер болды?
- Өз таныстырылымыңды қалай жақсарта едің?



## Музыкадағы жанды табиғат көріністері

**1-тапсырма.** Әңгімелесу.

**?! Мына сұрақтарға жауап бер:**

- Табиғат адамға қалай әсер етеді?
- Табиғаттан қандай дыбыстарды естуге болады?
- Сазсырнай мен сыбызғы сияқты үрлемелі музыкалық аспаптар табиғат дыбыстарын сала ала ма?



2-тапсырма. Тыңдау. Ақпарат іздеу. Орындау.

- ?!**
- Сыбызғы мен сазсырнай аспаптарының дыбысталуын тыңда.
  - Сыбызғы, сазсырнай аспаптарының үнімен қандай табиғи құбылыстарды бейнелеуге болады деп ойлайсың?
  - Осы аспаптардың үнімен қандай жанды табиғат дыбыстарын дыбыстауға (көрсетуге) болады?



### Сыбызғы аспабы

(Шоганбай. «Ұлар» күйінен үзінді)

Авторы: А. Құдайбергенов



**Сыбызғы** – үрлемелі аспап.  
Қамыстан немесе ағаштан жасалады.



### Сыбызғы

(қысқа қайырым)

Өлеңін жазған: А. Асылбек

Әнін жазған: А. Исағұлова

Қамыс, қурай, ағаштан  
Түтікше боп ысылған.  
Үрлемелі, ойықты,  
Дыбысы нәзік сызылған.



### Сазсырнай аспабы

(«Балдырған» күйінен үзінді)

Авторы: А. Құдайбергенов



**Сазсырнай** – үрлемелі аспап.  
Күйдірілген сазбалшықтан жасалады.



**3-тапсырма.** Тыңдау, орындау және талдау.



Сыбызғы, сазсырнай аспаптарының нәзік дауысы талай адамды таңғалдырған. Оларға арнайы өлең-тақпақтар, жұмбақ және әндер шығарылған. Солардың бірі – «Сыбызғы, сазсырнай» әні.



### Сыбызғы, сазсырнай

Өлеңін жазған: Ш. Сариев

Әнін жазған: В. Питерцев

Өзіңмен сырласам, жүрегім, жырлашы,  
Сыбызғы, сазсырнай, үнін сен тыңдашы.

*Қайырмасы:*

Жұлдыздар тамсанған, кеудемде қанша арман.  
Сызылтып ән салам, бақытын азсынбай.  
Сен десе, жүрегім-ай, сыбызғы, сазсырнай.

- ?! •** Әнді мұқият тыңда, сөзіне, әуеніне көңіл бөл. Ән адам бойындағы қандай сезімді оятады?
- Әннің шумағын үйрен, мәнерлеп орындауға тырыс.
  - Бұл әнде жанды табиғат қалай сипатталған?
  - Әнді орындағанда қандай көркемдеуіш құралдарды пайдаланар едің?

**4-тапсырма.** Тыңдау және талдау.



### Бұлбұл



Бибігүл Төлегенованың орындауындағы Л. Хамидидің «Бұлбұл» әнін тыңда.

- Әншінің орындауында қандай жанды табиғат бейнесін (дауысын) көз алдыңа елестетуге болады?
- Орындаушы әннің көңіл күйін не арқылы жеткізіп тұр?



5-тапсырма. Суырыпсалма. Таныстыру.



### «Жанды табиғат көрмесі»

(суырыпсалма ойын)

**Ойынның шарты.** Суреттерде берілген жанды табиғат көріністерін өз дауысыңмен, шулы аспаптар немесе дене қимылдары (пантомима, би және т.б.) арқылы көрсет. Топпен ақылдасып, таныстырылымға дайындал.



**?! Жұмысыңды сыныптастарыңмен ортаға сал:**

- Суреттерді өзіңе таныс қандай музыкалық аспаптар арқылы бейнелеуге болады? Мысалы: сазсырнай, сыбызғы, қобыз, шаңқобыз, домбыра, даңғыра және басқа да таныс аспаптар. Түсінгеніңді айтып бер.
- Суреттегі бейнеге лайықты дауысты өз дауысыңмен немесе шулы және басқа да музыкалық аспаптардың көмегімен келтіріп көрсет.



3-сабақ

## Музыкадағы жанды табиғат көріністері (жалғасы)

1-тапсырма. Тыңдау. Талдау.



**Япур-ай («Япыр-ай»)**

(қазақтың халық әні)



Жаз болса, жарқыраған көлдің беті-ау,  
Көгеріп көрінеді, япур-ай, алыс шеті-ау.  
Дірілдеп толқын басқан мөлдір суын-ау,  
Шайқайды жас баладай, япур-ай, желдің лебі-ай.

**?! Бейнетаспадан «Япур-ай» әнін әнші, композитор Бекболат Тілеуханның орындауында тыңда және көркем бейнекөріністерді көр.**

- Ән қалай орындалып тұр? (тез, баяу, орташа, кең тыныспен, созылыңқы немесе жігерлі т.б.)
- Ән орындалу барысында көңіл күй өзгере ме?
- Әнді тыңдау барысында көз алдыңа не елестетесің?
- Әнді тыңдағанда, мүмкіндігінше, іштей қосылып, мәнерлеп айтуға тырыс.



2-тапсырма. Өнді орындау.



## Көңілді саяхат

Өлеңін жазған: А. Асылбек

Әнін жазған: Ә. Бүшікова



Па-пап! Па-пап!  
 Мұрны бар, көзі бар,  
 Айтқаныңды тез ұғар.  
 Мәшинеміз көңілді,  
 Аралайық өңірді.  
 Зау-ла! Зау-ла!

*Қайырмасы:* Мәшинеміз ыңғайлы,  
 Айтқаныңды тыңдайды.  
 Кәне, мінейік, жүрейік,  
 Мәшинеміз зырлайды.  
 Па-пап! Па-пап!




Өнді мұқият тыңдап, өз пікіріңді айт.  
 • Өн қандай көңіл күйді білдіреді?





- Әннің көңіл күйін қандай түстермен бояр едің? Төмендегі түстерден қалағаныңды көрсетіп, түсінігіңді айтып бер.



- Әннің көңіл күйіне қарап, сыныппен бірге мәнерлеп айтуға тырыс.

**3-тапсырма.** Тыңдау. Зерттеу.



### Табиғаттың музыкалық бейнелері

(виртуалды ойын)

**Ойынның шарты.** Оқушылар топқа бөлініп, зерттеу жүргізеді. Үш музыкалық шығарманы бейнетаспадан реттілікпен тыңдайды (154-бет), одан кейін талдайды. Талап бойынша, орындалу барысында музыкалық шығарманың аты аталмай, тек нөмірі ғана аталады.

Әр топ барлық шығармаларды тыңдап болған соң, әрқайсысына өздері ат қояды және мазмұнына түсінік береді. Сондай-ақ қандай аспаптарда орындалғанын айтады. Бұл жұмыс таныстырылым түрінде өтеді және бағаланады.



### Табиғатты аялайық!

**1-тапсырма.** Тыңдау және талдау.



Қазір біздің Қазақстанда экология және табиғатты қорғау тақырыбы – көкейкесті мәселелердің бірі. Ол телерадиода, ғаламтор желісінде, халықтың ортасында жан-жақты талданып жатыр.

Сені де бұл мәселе толғандыруы тиіс. Себебі сен туған жеріңнің табиғатын қорғауға осы жастан бастап дайын болуың керек. Осы тақырыпқа байланысты сыныппен бірге бейнетаспаны тамашала.



## Қазақстан экологиясы

**?!** Бейнетаспа авторы – мектеп оқушысы Махмұтова Гүлзат.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Бейнетаспада автор қандай мәселені көтерген?
- Қандай көріністер сені қатты ойландырды, толғандырды?
- Сен туған жеріңді көркейту үшін қазірден бастап қандай жұмыстар жасар едің? Пікіріңді айт.
- Өз Отанына, жеріне деген сүйіспеншілікті музыка арқылы көрсетуге бола ма?




## Отан-Ана

*(үзінді)*

*Өлеңін жазған: Т. Молдағалиев*

*Әнін жазған: Қ. Шілдебаев*



Жерім құлпырды, барын берем деп,  
Елім жасап-ау жатыр ерен еңбек.  
Ырысымыз тасып жатыр,  
Алға бастық жеделдеп.



### Қайырмасы:

Жайнап өмір, жұлдыз көгінде  
Тұр ғой жарқырап.  
Көңіл көзді көп арбайды,  
Қиялымды түгел тартып ап.

**?!** Әннің әуенін еске алып, өлеңін қайталап оқы.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Неге авторлар әнді «Отан-Ана» деп атаған?
- Әнде табиғаттың қандай көріністері бейнеленеді?
- Әуені қандай екпінде және қандай сезіммен орындалады?

Берілген сөздерден дұрысын тап.

толғандырып	сүйіспен-шілікпен	асықпай	жылдам	сырлас-тықпен
-------------	-------------------	---------	--------	---------------

**2-тапсырма.** Зерттеу. Талдау.

**?!** Сыныппен бірге әннің екінші шумағын әуенімен қосып, сезіммен мәнерлеп орындаңдар. *Мына сұраққа жауап бер:*

- Композитор әнде қандай музыкалық көркемдеуіш құралдарды қолданды? 2-сыныпта өткен көркемдеуіш құралдарды есіңе түсір.

Музыкалық көркемдеуіш құралдар қатарына **штрихтар** (нем. *strich* – *сызықша*) да жатады.

**Штрих** дегеніміз – дыбысты әртүрлі шығару тәсілі. Бір дыбыс немесе бірнеше дыбыс қатары әртүрлі тәсілмен шығарылады. Дыбысты үзбей жалғастырып, әр дыбысты бөлек әрі үзіп-үзіп шығаруға болады. Бұл дыбысты әртүрлі шығару тәсілдері **штрих** деп аталады.

• **Легато** (итал. *legato* – «байланыс») – дыбыстар үзбей жалғасып, байланысқан түрде орындалады, нота жазылымында лигамен белгіленеді. – *1-үлгі.*

• **Нонлегато** (итал. *nonlegato* – «бөлек») – әр дыбыс бөлек орындалады, нота жазылымында белгісі жоқ. – *2-үлгі.*



• **Стаккато** (*итал. staccato «үзін»*) дыбыстар үзіліп, қысқаша түрде орындалады, нота жазылымында нотаның үстіне не астына нүкте қойылады. – 3-үлгі.

**Жазылу түрлерінің үлгісі:**

1.

2.

3.



- ?! • Үлгіге қарап, сыныппен бірге штрихтарды орында.
- Тақырып бойынша тыңдаған және үйренген «Сыбызғы, сазсырнай», «Көңілді саяхат», «Япур-ай», «Отан-Ана» әндері қандай штрихтармен орындалады?

**3-тапсырма.** Әнді орындау.



**Табиғатым**

Өлеңін жазған: А. Асылбек

Әнін жазған: Ә. Бүшікова





1. Алтын ұя – табиғатым, бесігім,  
Сенде алғаш аштым өмір есігін,  
Шырағымсың, жыр-өнімсің.

*Қайырмасы:*

О, адамдар, табиғатты қорғандар:  
Өзен, көлдер, асқар таулар, ормандар –  
Туған жерім, думан елім.

2. Байтақ далам – тіршілігім, тынысым,  
Шалқар байлық, сарқылмайтын ырысым,  
Алтын таңым, жарқын өнім.

*Қайырмасы.*

3. Жарқын жазым – табиғатым, жайлауым,  
Гүл бағында сандуғаштай сайрауым,  
Ән тынбасын, ел тыңдасын.

*Қайырмасы.*

- ?! •** Әнді үйрен.  
• Әннің мазмұнына көңіл бөл. Әнде қандай мәселе айтылған?  
• Сен бұл мәселені шешуге дайынсың ба?


**4-тапсырма.** Шығармашылық ойын.



**«Табиғатты аялайық!»**

*(ойын)*

**Ойынның шарты.** Оқушылар «Табиғатты аялайық» тақырыбына арналған бейнежазбаны көреді. Әр топ «Табиғатты бірге аялайық!» деген **үндеу** сөзге әуен шығарады. Табиғат қорғауға байланысты шағын жоспар құрып, таныстырылым жасайды және қорғайды. Жоспармен таныстыру барысында сабақтарда өткен әуен мен әндерді неғұрлым көбірек пайдаланса, сол топ жеңіске жетеді.



**БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР**



**I. Тапсырмаларды орында**

1. Сұрақтардың дұрыс жауабын тап.

<b>Сұрақ</b>		<b>Жауап</b>	
1.	Табиғат дегеніміз не?	1	Өсімдіктер, құдық, жер, ағаш
		2	Бұлақ, көпір, жер, өзен, шөп
		3	Жан-жануарлар, өсімдіктер, жер, су, адам
2.	Тембр дегенді қалай түсінесің?	1	Дыбыс сапасын (бояуын) көрсететін ұғым
		2	Табиғаттың дыбыс шығару түрі
		3	Күй тартудың тәсілі
3.	Қандай регистрлерді білесің?	1	Екпінді
		2	Жоғарғы, ортанғы, төменгі
		3	Өртүрлі
4.	Сыбызғы аспабы неден жасалады?	1	Қамыстан немесе ағаштан жасалады
		2	Темірден
		3	Сазбалшықтан жасалады
5.	Сазсырнай аспабы неден жасалады?	1	Ағаштан
		2	Қатты басылған қағаздан
		3	Күйдірілген сазбалшықтан жасалады
6.	«Штрих» дегенді қалай түсінесің?	1	Дыбыс шығару тәсілі
		2	Музыка түрі
		3	Музыкалық аспап
7.	«Япур-ай» деген сөз нені білдіреді?	1	Қазақтың халық әні
		2	Қазақтың халық күйі
		3	Көлдің өсем бейнесіне таңғалып айтылған сөз



2. «Кемпірқосақ» әнінің қайырмасындағы көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптеріңе жаз.

Қызыл түсі ... ,  
 ... түсі сарғалдақтай,  
 Көгілдірі көк ... ,  
 Көгі ... жарасқандай,  
 Ел қызыға ... ,  
 ... ғажап қандай?!

3. «Көңілді саяхат» әнінің екінші шумағындағы көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптеріңе жаз.

Мініңдер, ...,  
 ... көңілдер.  
 Туған жердің ...  
 ... көріңдер.  
 Зау-ла! ...!

4. «Сыбызғы» қысқа қайырымындағы көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптеріңе жаз.

... , құрай, ағаштан  
 Түтікше боп ... .  
 Үрлемелі, ... ,  
 Дыбысы ... сызылған.

# ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН



Әдептілік – адамдықтың  
белгісі.

*(Мәтел)*



## ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН



### Бөлімнен:

- лад (үйлесім) ұғымын;
- музыкадағы көңіл күйді сезінуді (мажор-минорлық ладтар);
- мажор-минорлық ладтарды салыстыруды;
- музыкадағы қарама-қарсылықты ажыратуды (көңілді-мұңды, тез-баяу, форте-пиано);
- халық әнін, термені, айтысты орындауды  
**үйренесің.**

### Музыкалық сауат:

- музыкалық лад;
- мажор;
- минор;
- жартылық нота;
- *ля, си* ноталары;
- термеші.

### Терминдер мен ұғымдар:

- жанр – жанр – genre;
- қарама-қарсылық – контраст – contrast;
- мажор – мажор – major;
- минор – минор – minor;
- көңілді – весело – funny;
- мұңды – грустно – sad.



## Музыкадағы көңіл күй

1-тапсырма. Сыныпта талқылау.



- ?! • Берілген суреттердегі оқушылардың іс-әрекетін қалай бағалар едің (дұрыс, бұрыс, жақсы, жаман)?
- Өзіңді осы оқушылардың орнына қойып көр. Мұндай жағдайда сен не істер едің?
- Оқушылардың іс-әрекеттеріне қарай суреттерді жұппен біріктір.
- Өмірде жақсыдан үйренетін, жаманнан жиренетін қандай мысалдар келтірер едің?

Байқайсың ба, өмірдің бәрі қарама-қарсылықтан тұрады: күн – түн, ақ – қара, жақсылық – жамандық, жаз – қыс. Қарама-қарсылық музыкада да кездеседі. Мысалы, көңілді – мұңды, тез – баяу, форте – пиано.



2-тапсырма. Музыка тыңдау және талдау.



### Жүгіріп шықтым белеске

(қазақтың халық әні)

Аққу көлден ұшады шаңырқанып, ай-хой,  
Естіген жұрт өнімді таңырқаған, хәләулім-ай.  
Ойын-тойда азырақ өлең айтып,  
Көтерейік көңілді жабырқаған, хәләулім-ай.

*Қайырмасы:*

Жүгіріп шықтым белеске,  
Белес жақын емес пе?!  
Осы отырған отырыс  
Бір ғанибет емес пе-ай?!

- ?! • «Жүгіріп шықтым белеске» халық әнінің әуенін тыңда.
- Ән әуені саған қандай көңіл күй сыйлады (қуанышты, мұңды, көңілді, көңілсіз)?
  - «Жүгіріп шықтым белеске» халық әні қанша музыкалық бөлімнен тұрады (шумақ, қайырма, шумақ-қайырма)?
  - Бейнетаспадан «Жүгіріп шықтым белеске» халық әнінің толық нұсқасын тыңда, алған әсеріңмен бөліс.

Қуанышты көңіл күй сыйлайтын музыканы *мажор* деп атайды. *Мажор* «көңілді, қуанышты» деген мағынаны білдіреді. «Жүгіріп шықтым белеске» қазақтың халық әні мажорлы ладта жазылған. Лад дегеніміз – дыбыстардың өзара үйлесімділігі (жарасымдылығы).

3-тапсырма. Ән үйрену.

- ?! • «Жүгіріп шықтым белеске» әнінің қайырмасын үйрен.
- Әнді көңілді, қуанышты күйде орында.
  - Көңілді орындалатын өзіңе таныс әндерді есіңе түсір.



- Берілген әндер қандай көңіл күйде (көңілді-мұңды) орындалады?

«Кемпірқосақ»	«Көңілді саяхат»	«Болайықшы осындай»	«Кел, билейік!»
---------------	------------------	---------------------	-----------------

**4-тапсырма.** Орындау және суырыпсалма.



## Ән сайыс

(ойын)

Жүгіріп шықтым белеске,  
Белес жақын емес пе?!  
Осы отырған отырыс  
Бір ғанибет емес пе-ай!

### Ойынның шарты:

Екі топқа бөлініңдер. Әр топ өзінің дирижёрін сайлайды. Дирижёр өз тобының ән тармақтарының қарама-қарсылықта (қатты – ақырын, баяу – тез) орындалуын қадағалайды.

### 1-ойын (қатты-ақырын)

- *1-топ* – әннің бірінші, үшінші тармақтарын қатты дауыстап (*forte*) орындайды.
- *2-топ* – әннің екінші, төртінші тармақтарын ақырын (*piano*) орындайды.

### 2-ойын (тез-баяу)

- *1-топ* – әннің бірінші, үшінші тармақтарын тез орындайды.
- *2-топ* – әннің екінші, төртінші тармақтарын баяу орындайды.

**5-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

- Топтық орындауларды салыстыр, бағала.




## Музыкадағы көңіл күй (мұңды) (жалғасы)

1-тапсырма. Тыңдау және талдау.



### Елім-ай (қазақтың халық әні)



 1723 жылы бейқам жатқан қазақ еліне жоңғарлар тұтқиылдан шабуыл жасап, аяусыз қырды. Қазақ тарихында бұл – «Ақтабан шұбырынды» деп аталған аса қасіретті босқыншылық кезең. Қазақтың халық әні «Елім-ай» да осы тұста туған, халқымыздың мұң-зарын жеткізген тарихи ән.



- Сурет пен бейнетаспадағы тарихи кезең туралы пікіріңді ортаға сал.
- Неліктен бұл кезеңді «Ақтабан шұбырынды» деп атайды?
- Ән сурет пен бейнетаспадағы көріністерді қандай өуен арқылы жеткізді (қаһарлы, жігерлі, мұңды, зарлы)?



2-тапсырма. Ән үйрену.



## Елім-ай

(қазақтың халық әні)

1. Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Елім-ай, елім-ай.
2. Ел-жұртынан айырылған жаман екен,  
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.  
Елім-ай, елім-ай.

- ?! • «Елім-ай» халық әнінің мәтініне назар аудар, әуенін үйрен.
- «Елім-ай» әні неше музыкалық бөлімнен тұрады (шумақ, шумақ-қайырма)?
  - «Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» деген өлең жолдарының мазмұнын қалай түсінесің?

«Елім-ай» әні минорлы ладта жазылған. *Минор* дегеніміз *көңілсіз, мұңды* деген мағынаны білдіреді. Минорлық ладта көтеріңкі көңіл күйді сипаттайтын әндер де кездеседі. Мысалы: «Күміс құмған-ай», «Қоғалы-ай» қазақтың халық әндері.

3-тапсырма. Орындау.



- ?! • «Елім-ай» әнінің алғашқы өлең жолын нотамен орында.
- Әндегі *ля, си* төрттік ноталарының жазылуына көңіл бөл.

Әуеннің соңғы нотасы жартылық нота – *d*. Жартылық нотаның ұзақтығы 1-еу, 2-еу деп саналады.



#### 4-тапсырма. Таныстыру.

- Берілген өндер қандай ладта жазылған?

«Жүгіріп шықтым белеске»	«Сыбызғы, сазсырнай»	«Елім-ай»	«Кемпір- қосақ»
-----------------------------	-------------------------	-----------	--------------------

- Сыныптастарыңмен бірге *мажор* және *минор* ладтарындағы өзіңе таныс өндерді орындап, таныстыр.



7-сабақ

### Терме – нақыл, өсиет

#### 1-тапсырма. Сыныпта талқылау.



Музыкалық өнердің өзің білетін (ән, күй, би) және алдағы сабақтарда танысатын басқа түрлері де бар. Өнердің осындай бірнеше түрге бөлінуін *жанр* деп атайды. Жанр (*genre*) француз тілінен аударғанда *түр, тек* деген мағынаны білдіреді.



- Суреттегі сахнада қандай музыкалық өнердің жанрлары көрсетілген?
- Терме жанры туралы не білесің?



«Терме» атауы қазақтың «ең асыл, ең мәнді нақыл, өсиет сөздерін теріп айту» деген мағынаны білдіреді. Термені әуенге қосып айтады және оны орындаушыны **термеші** деп атайды. Әдетте термеші әуенді өзі таңдайды.

2-тапсырма. Орындау.



**Жақсы менен жаман**  
(терме)

*А. Рахметов*

Жақсы адамның жалпыға  
Жарқын болар қабағы.  
Кеудесіне сыйғызар  
Байтақ жатқан даланы.  
Жабырқаған жан көрсе,  
Оларға қамқор болады.  
Еңбекке әр кез ұмтылып,  
Уәдесінде тұрады.  
Осындай жақсы адамды  
Көргендер мақтап жырлайды.

Жаман адамның жалпыға  
Ашылмайды қабағы,  
Көңілі тар, қызғаншақ,  
Көре алмайды басқаны.  
Жабырқаған жан көрсе,  
Өз пайдасын ойлайды.  
Өтірік, ұрлық, алдаумен,  
Жаман жолды таңдайды.  
Айтыңдаршы өздерің,  
Мұндайды кімдер мақтайды!?

- ?! • Термеде адам бойындағы қандай жаман және жақсы қасиеттер аталған?  
• Термені әуенімен орында.  
• Қалай ойлайсың, бұл термеде неге баса көңіл бөлінген?





Әуеніне ме әлде сөзіне ме?

- Термеде әндегідей қайырма кездесті ме?
- Терме жанрының өн жанрынан ерекшелігі неде?

**3-тапсырма.** Музыка тыңдау және талдау.



### Ата-ананың қадірі

(үзінді)

*Майлықожаның термесі*

Атасы жақсы қандай-ды,  
Перзент қамын ойлайды.  
Перзентім адам болсын деп,  
Қылығына тоймайды.  
Анасы жақсы қандай-ды,  
Қамқорлығы таудай-ды.  
Қалқам деп шықса алдыңнан  
Кеудеңде қайғы қалмайды...

- ?! •** Бейнетаспадағы Майлықожаның термесін екі орындаушының нұсқасында тыңда.
- Термеде ата-ананың балаға қамқорлығы қалай баяндалған? Сыныптастарыңмен бірге пікіріңді ортаға сал.
  - Терме домбыра, қобыз, сырнай (баян) немесе эстрадалық сүйемелдеуде орындалады. Саған тыңдаған терменің қай нұсқасы ұнады?

**4-тапсырма.** Өлең құрастыру.

1. Өлеңнің мазмұны мен ұйқасына қарай сөздерін қой.

Үлгі:

Жақсы бала қандай-ды,

Сабағынан ... (болмайды, қалмайды, бармайды, алдайды).

Жаман бала сабаққа

Ауырдым деп ... (болмайды, қалмайды, бармайды, алдайды).

2. Сыныптастарыңмен бірге екі топқа бөлініп, оқушылардың жақсы және жаман жақтарын сипаттайтын өлең құрастыр.

**5-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

Әрбір топ өзінің шығарған өлең жолдарын таныстырады, біріне-бірі баға береді.



## Айтыс – сөз сайысы

### 1-тапсырма. Талқылау.



?! Сен қазақтың айтыс өнері туралы естіген боларсың. Суретке және бейнетаспаға қарап, айтыс туралы өз пікіріңді ортаға сал. Айтыс жанрын сипаттауда мына тірек сөздерді қолдан: *сөзжарыс, жұптық сайыс, ақындар, суырыпсалма, жеңу-жеңілу.*

**Айтыс** атауы «айтысу» деген сөзден шыққан. Ол өлең сөзбен жарысу деген мағынаны білдіреді. Айтысқа тапқыр, білімді, тез арада өлең құрастыра алатын ақындар қатысады. Әсерлі болу үшін ақындар сөздерін әуенге қосып, домбыра аспабымен сүйемелдеген.

### 2-тапсырма. Суырыпсалма.

- «Мектебім менің» тақырыбына суырыпсалма өлең құра.
- Өлеңнің мазмұны мен ұйқасына қарай мына сөздерді қой: *барғанша, жаңаша, тамаша.*

Біздің мектеп ... ,  
Асығамыз ... .



Қамқор болған ұл-қызға  
Үстаздары ... .


3-тапсырма. Орындау.

### Ұл мен қыздың айтысы

Ұлдар:	Қыздар:
Көне, айтысты бастайық, Ақындарға ұқсайық. Жақсы болса сабағың, Саған мақтау табайын.	
	Бастасақ, біз де бастайық, Ақындарға ұқсайық. Айналайын қарағым, Жақсы менің сабағым.
	Ұлдар неге шулайды? Үзілісте зулайды, Тап-таза болып жүрмейді, Қашан алға өрлейді?
Ұлдар ылғи ... Үзілісте ... Сынды қабыл аламыз, Біз ақылды баламыз.	

- ?! •** Қыздар айтысын ұлдар жалғастырып аяқтайды.  
**•** Айтыс әуенін «Жүгіріп шықтым белеске» әнінің қайыр-масына салып орындаңдар.

4-тапсырма. Зерттеу.

 Айтыстың түрі көп: ақындар айтысы, қыз бен жігіттің айтысы, қайым айтыс, бөдік айтыс, жұмбақ айтыс. Сен естімеген айтыстың бір түрі – бөдік айтысы. Ол халықтың ертедегі тұрмыс-салтына байланысты шыққан. Малмен күнкөріс көріп отырған ата-бабаларымыз мал ауруының иесі – бөдік деп ойлаған. Бөдікті



малдан шығару үшін үркітіп, өлеңмен тауға, ағын суға, желге т.б. жаққа «көш-көш» деп көшірген. Кейін келе бұл салт ұмытылып, жастардың өзіл-қалжыңына айналды.

**5-тапсырма. Орындау.**



### «Бөдік» ойыны

1. Барады бөдік кетіп-ау, найзағайға-ау,  
Жарқылдап, гүрсілдеген-ау, найзағайға-ай.  
Көш, көш, көш, көш.
2. Барады бөдік кетіп-ау, асқар тауға-ау,  
Қар басқан биік тауға-ау, биік тауға-ай.  
Көш, көш, көш, көш.

- ?! • «Бөдік» өнінің өуенін үйрен.**  
**• «Көш-көш» сөздерін берілген ноталармен орында.**



Көш, көш, көш, көш

- Бөдікті екі топқа бөлініп, тау мен найзағайға көшіріңдер. «Көш-көш» сөздерін найзағайға көшіргенде қысқа (стак-катто), тауға көшіргенде созылыңқы орында.
- Өзің де бөдікті ағын суға, құйын желге көшіріп айт.



**6-тапсырма. Таныстыру және бағалау.**

Сыныптастарыңмен бірге жұмысыңды таныстыр және бағала.



## Жақсылық жасай білейік

1-тапсырма. Өлеңді тыңдау.

### Жақсылық көрсем өзімнен

*А. Рахметов*

Жақсылық көрсем өзімнен,  
Жамандық көрсем өзімнен.  
Жетелер жақсы-жаманға  
Адамның ісі өзінен.  
Қолыңнан келсе, сен егер,  
Қиналғанға көмек бер.  
Жақсылық жасай білсеңіз,  
Жаманға көмек берсеңіз,  
Жасаған әрбір жақсы ісің  
Алдыңнан шығар, білсеңіз.



- «Жақсылық көрсем өзімнен» өлең жолдарын мәнерлеп оқы.
- Сыныптастарыңмен бірге мазмұнын талқыла.

Жақсылық жасаған адамға, әдетте «Рақмет!», «Жарайсың!», «Бақытты бол!», «Қатарыңның алды бол!» деген алғыс сөздер айтылып жатады. Ойлан! Өзіңе қаншалықты бұл сөздер жиі айтылады?

2-тапсырма. Орындау.

Топтық өнер сайысына қатыс, өткен сабақтағы ән, терме, айтысты қайтала.

### Шарты:

**1-топ.** «Елім-ай» әнінің тарихын айтып, әнді топпен бірге көркемдеп орындайды.



**2-топ.** «Жақсы мен жаман» термесінен жақсы адамды сипаттайды. Термені бір ғана орындаушы орындайды. 2, 4, 6, 8-тармақтардағы соңғы сөзді барлығы топпен қосылып орындайды.

**3-топ.** «Жүгіріп шықтым белеске» қазақтың халық әнінің қайырмасын ұрмалы аспаптарды қосып орындайды. Төмендегі ырғақ үлгілерін сақтауы тиіс.

Жүгі-	ріп	шық-	тым	бе-	лес-	ке

**3-тапсырма.** Суырыпсалма.

- Өз мектебің, сыныптастарың жөнінде қайым айтыс құрастырып, өзіңе ұнаған өуенге сал.

**Қайым айтыс** – қысқа айтыс түрі. Өлеңнің бірінші және екінші жолдары қайталанып, негізгі ой өлеңнің үшінші және төртінші жолдарында беріледі.

*Үлгі:*  
 Біздің мектеп жаңаша,  
 Асығамыз барғанша.  
 Қамқор болған ұл-қызға,  
 Ұстаздарым тамаша.

*Өзің аяқта.*  
 Біздің мектеп жаңаша,  
 Асығамыз барғанша.  
 .....  
 .....



## БІЛІМІНДІ ТЕКСЕР

### I. Тапсырмаларды орында

1. «Жүгіріп шықтым белеске» халық өнінің түсіп қалған сөздерін толықтыр.

Жүгіріп шықтым ...  
Белес жақын емес пе?!  
Осы отырған ...  
Бір ғанибет емес пе-ай?!

2. Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақ тарихында аса қасіретті босқыншылық кезеңде туған тарихи өн қалай аталады?
- Берілген өндер қандай ладта жазылған?

«Япур-ай»	«Көңілді саяхат»	«Табиғатым»	«Елім-ай»
-----------	------------------	-------------	-----------

3. Жартылық нотаны көрсет.



### II. Тест сұрақтары

- |                                      |  |
|--------------------------------------|--|
| 1. Дыбыстардың өзара үйлесім-ділігі. | 3. Музыкалық өнердің бірнеше түрге бөлінуі – |
| <b>A.</b> лад                        | <b>A.</b> жанр                               |
| <b>B.</b> жанр                       | <b>B.</b> лад                                |
| <b>C.</b> дирижёр                    | <b>C.</b> қарама-қарсылық (контраст)         |
| <b>D.</b> өлшем                      | <b>D.</b> мажор                              |
| <b>E.</b> ноталар ұзақтығы           | <b>E.</b> минор                              |
| 2. Терме дегеніміз – ...             | 4. Сөз сайысы – ...                          |
| <b>A.</b> сөз сайысы                 | <b>A.</b> терме өнері                        |
| <b>B.</b> өн шумағы                  | <b>B.</b> өн өнері                           |
| <b>C.</b> өлең                       | <b>C.</b> айтыс өнері                        |
| <b>D.</b> өсиет айтылатын өн         | <b>D.</b> күй өнері                          |
| <b>E.</b> мақал-мәтел                | <b>E.</b> би өнері                           |

# УАҚЫТ

## 7 КҮН 1 АПТА

ДҮЙСЕНБІ СЕЙСЕНБІ СӘРСЕНБІ БЕЙСЕНБІ ЖҰМА СЕНБІ ЖЕКСЕНБІ

До ре ми фа соль ля си

### 24 сағат – 1 тәулік



60 минут  
1 сағат



**Бөлімнен:**

- музыка мен уақыт арасындағы байланысты түсінуді;
- музыкадағы уақыт бейнесін сезінуді;
- бағдарламалық музыка мағынасын айқындауды;
- көне музыкалық аспаптарды ажыратуды;
- оркестр, дирижёр, музыкалық өлшем ұғымдарын

үйренесің.

**Музыкалық сауат:**

- бағдарламалық музыка;
- қазақ музыкалық аспаптары;
- көне музыкалық аспаптар;
- жетіген;
- музыкалық өлшемдер –  $\frac{2}{4}$ ,  $\frac{3}{4}$ ;
- оркестр;
- дирижёр;
- төрттік пауза;
- жартылық пауза.

**Терминдер мен ұғымдар:**

- уақыт – время – time;
- музыка – музыка – music;
- оркестр – оркестр – orchestra;
- пауза – пауза – pause;
- дирижёр – дирижёр – conductor.



## Музыка және уақыт



1-тапсырма. Ақпарат іздеу.

- ?! • Берілген суреттерге қарап, уақыт өлшемдерін ата.  
 • Мына торкөздердің ішінен ең қысқа және ең ұзақ уақыт өлшемдерін көрсет.

С □ □ □ □ Д

М □ □ □ Т

С □ □ □ Т

Т □ □ □ □ К

А □ □ □ А

А □

Ж □ □ Л

- Қалай ойлайсың, музыка арқылы уақытты көрсетуге бола ма?



**2-тапсырма.** Музыка тыңдау және талдау.

## **Время, вперед! (Уақыт, алға!)**

*Музыкасын жазған: Г. Свиридов*

- ?!**
- Композитор Г. Свиридовтың «Время, вперед!» («Уақыт, алға!») атты оркестрге арналған сюитасын тыңда.
  - Тыңдаған шығармада музыка уақыт жылдамдығын қалай көрсеткен (баяу, тез, өте тез)?
  - Музыка қандай көңіл күй тудырды? Әсеріңмен бөліс.
  - Суретке қарап, уақыт жылдамдығына өңгіме құра.



Композитор Г. Свиридовтың музыкасы – мәңгі тоқтамайтын уақытқа арнайы жазылған шығарма. Қандай да бір тақырыпқа арнайы жазылған музыканы *бағдарламалық музыка* деп атайды.

**3-тапсырма.** Орындау.

## **Сырлы сағат**

*Өлеңін жазған: А. Рахметов*

*Әнін жазған: Т. Тоқжанов*

Сағат тілі сыртылдап,  
Уақыт зырлап барады.  
Білім іздеп ұмтылмақ,  
Оқу – өмір талабы.



**Қайырмасы:**


Бала болу зерделі  
Жарасады тек бізге.  
Өнерлі бол, кел бері,  
Босқа уақыт өткізбе.

Сырт-сырт-сырт, сыртылдап,  
Сағат жылжып барады.  
Сырт-сырт-сырт, сыртылдап,  
Уақыт өтіп барады.

- ?!**
- Өнді мөнерлеп орында.
  - Сағат қозғалысын бейнелейтін өуенді тап.

**4-тапсырма. Зерттеу.**

Уақыт өлшемі сияқты музыканың өз өлшемі болады. Сен орындаған «Сырлы сағат» әнінің өлшемі –  $\frac{2}{4}$ . Бұл өлшем бір тактінің ішіндегі ұзақтықтың екі төрттік нотаға (1-еу, 2-еу) саналатынын көрсетеді. Егер өлшем  $\frac{3}{4}$  болса, онда бір тактінің ішіндегі ұзақтықтың 3 төрттік нотаға (1-еу, 2-еу, 3-еу) саналатынын көрсетеді. Мұғаліммен бірге  $\frac{2}{4}$ ,  $\frac{3}{4}$  өлшемдерін оң қолыңмен сермеп көрсет.

Үлгіге қара:  $\frac{2}{4}$  өлшемі   $\frac{3}{4}$  өлшемі 

**5-тапсырма. Суырыпсалма.**



**Сағат тілі**

(суырыпсалма ойын)

**Ойынның шарты:** Сағат сыртылын берілген нотаға қарап, екі дауыста орындаңдар. Орталарыңнан дири-



жёр сайлаңдар. Дирижёр  $\frac{2}{4}$  өлшеміне сәйкес екпінді баяулатуына да, тездетуіне де болады.



**6-тапсырма.** Орындау және бағалау.

- Сыныптастарыңмен орында және бағала.



## Музыка уақыт толқынында


**1-тапсырма.** Тыңдау және талдау.



### Көрұғлы

*Дәулеткерейдің күйі*



 Көрұғлы батыр туралы естідің бе? Өзіңе та- ныс қазақ батырлары Алпамыс, Қобыланды сияқты Көрұғлы да елін, жерін жаулардан қорғаған батыр.



Көрұғлы батыр туралы жыр-терме, күйлер де бар. Батыр ерлігін күй арқылы жеткізген композиторлардың бірі – Дәулеткерей күйші.

- ?! • Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйін жеке орындауда тыңда.  
 • Күйдегі берілген батырдың бейнесін сипатта (Мысалы: нәзік – күшті, жігерлі – жасық, қаһарлы – ашулы).  
 • Қазір Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйін домбырада ғана емес, оркестрдің, эстрадалық ансамбльдің орындауында да тыңдауға болады. Әлемге әйгілі «Ұлытау» тобының орындауында «Көрұғлы» күйін тыңда.  
 • Күйдің жеке домбыра мен этно-рок тобының орындауындағы ұқсастықтарын және айырмашылықтарын ата.

**2-тапсырма. Талқылау.**

- ?! • Суретке қарап, Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйін жеткізүшілерді қандай уақыт кезеңдеріне жатқызар едің (бұрынғы, бүгінгі, болашақ)?  
 • Саған бүгінгі күнгі заманауи нұсқадағы «Көрұғлы» күйін орындау ұнады ма?  
 • Болашақта «Көрұғлы» күйін қандай аспаптар арқылы жеткізер едің (домбыра, синтезатор, скрипка, гитара)?

**Эстрадалық музыка – көпшілікке арналған тыңдауға жеңіл музыка.**

**3-тапсырма. Суырыпсалма.**

- ?! • «Көрұғлы» күйінің эстрадалық нұсқасындағы жасырылған ноталарды тап және аяқта.  
 Екі топқа бөлініп, төмендегі ноталарды *-дың* буынымен орындаңдар.


**Бірінші топ:**




**Екінші топ:**





 Мына таңба  $\text{||:}$  музыкада *төрттік пауза* деп аталады. «Пауза» грек тілінен аударғанда *үнсіздік, уақытша үнсіздік* дегенді білдіреді. Музыкадағы пауза да үзіліс жасау, тыныс алу белгісі ретінде қолданылады. Паузадағы ұзақтықты санау нота ұзақтықтарын санаумен бірдей. Мысалы: Төрттік пауза 1-еуге саналады. Жартылық пауза = 1-еу, 2-еуге саналады.



**4-тапсырма.** Таныстыру.

- Топтық жұмыстарыңды таныстырыңдар.

**5-тапсырма.** Орындау.



### Мәңгілік ел жастары

Өлеңін жазған: Ә. Дүйсебек      Әнін жазған: Ш. Мырзамұратов

1. Ұлы Дала жерімнен,  
Қыран ұшқан көгімнен,  
Елім менің қарайды  
Болашаққа сеніммен.

*Қайырмасы:*

Жасампаз ел жастары  
Жаңа өмір бастады.  
Биік болсын әрқашан  
Арманыңның асқары!

Көк Түріктің ұрпағы,  
Тұран дала тұлпары.  
Ата берсін арайлап  
Болашақтың нұр таңы!

2. Жарқырап нұр төгілген  
Қазағымның көгінен.  
Елім менің көрінді  
Өркениет төрінен.

*Қайырмасы.*



- Әнді жігерленіп, сөз мазмұнына мән бере орында.
- Өз болашағыңды қалай елестетер едің?



## Көнеден жеткен жетіген

1-тапсырма. Ақпарат іздеу және тыңдау.



Қазақ халқы музыкалық аспаптарға бай. Солардың бірі – көнеден келе жатқан жетіген аспабы. Аспаптың пайда болуы жайында аңыз да сақталған: «Ертеде бір қарияның жеті ұлы болған. Бір жылы қатты жұт болып, қарияның жеті баласы бірінен кейін бірі қаза болады. Әр баласы қаза болған сайын қария кепкен ағашқа бір ішектен тағып, оған тиек ретінде балаларының ойнаған асығын қойып, күйлер шығарады. Бұл күйлер бізге «Жетігеннің жетеуі» деген атпен жеткен. Аспап атауы да осы ұғымды береді. Жетіген – жеті өн».



Көне түрі



Жаңартылған түрі



Жетілдірілген түрі





Көне түрі	Жаңартылған түрі	Жетілдірілген түрі
Ағаштан жасалады, жеті ішек астына жеті асық қойылады.	Өрнектеліп жасалған жетігенге асық орнына тиек қойылады.	Ішек саны 22-ге дейін көбейді.

**2-тапсырма.** Музыка тыңдау және талдау.



## Аққу

*Музыкасын жазған: Н. Тілендиев*



- Бейнетаспадан жетіген аспабының орындауында композитор Н. Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңда.
- Жетіген аспабы судың сылдырын, қамыстың сыбдырын, аққудың үнін, қанат қағыстарын қаншалықты жеткізе алды?
- Күйден алған әсеріңмен бөліс.

**3-тапсырма.** Зерттеу.

**«Көнеден жеткен аспаптар»** атты зерттеу жұмысына қатыс. Үш топқа бөлініңдер. Әр топ кестеде берілген аспап түрлерін таңдайды және сол аспапқа байланысты хабарлама дайындайды.



### Хабарлама талаптары:

- ?! • Аспаптың пішініне (формасына), орындау түріне тоқталу.
- ?! • Көне және жаңа аспаптың ерекшеліктерін атау.

Аспап түрі	Көне	Жаңа
шертер		
даңғыра		
сазсырнай		
қобыз		

Үлгі: Шертер аспабы.

*Көне түрі:* пішіні ожауға ұқсайды, шертіліп тартылады, үш ішекті.

*Жаңа түрі:* пішіні төртбұрышты, мойны қысқа, шертіліп тартылады, үш ішекті.

4-тапсырма. Орындау.



### Жетіген

Жалпақ ағаш бетіне  
 Жеті ішек тағылған.  
 Өр ішектің астына  
 Жеті асық қойылған.  
 Су сылдыры секілді  
 Дыбысы нәзік сызылған.

- ?! • «Жетіген» өлеңін Н. Тілендиевтің «Аққу» күйі сүйемелдеуімен мәнерлеп оқы.

5-тапсырма. Таныстыру және бағалау.

- ?! • «Жетіген» өлеңін күй әуенінің нотасына салып орында.

Жал - пақ а - ғаш бе - ті - не, Же - ті і - шек та - ғыл - ған.

5  
 Өр і - шек - тің ас - ты - на, Же - ті а - сық ко - йыл - ған.

- Сыныптастарыңа таныстыр және бағала.



## Біздің оркестр

1-тапсырма. Талқылау.

### Оркестр түрлері





- ?! • Бейнетаспадағы және суреттегі оркестр түрлерін ата.
- Халық аспаптар оркестрінің басқа оркестрден ерекшелігі неде (аспаптарында, киімдерінде, құрамында, орындалуында, дыбысталуында)?

**2-тапсырма.** Музыка тыңдау.



## Балбырауын

*Құрманғазының күйі*

- ?! Ұнтаспадан ұлы күйші Құрманғазының «Балбырауын» күйін жеке және оркестрдің орындауында тыңда.
- Саған орындалған күйдің қай нұсқасы ұнады?
  - Оркестрдің орындауында күйдің көркемделуіне не себеп болды (орындаушылар саны, аспаптардың көптігі, әртүрлілігі, дыбыс күші, дыбыс бояуы (тембрі), дирижёрдің болуы)?

Оркестрмен орындалатын музыкалық шығарманың өте көркем, үйлесімді болуы оның жетекшісі – дирижёрге байланысты. Ол оркестрге шығарманың бірге орындалуын, ырғағын, екпінін, дыбыс күшін, қалай ойналу керектігін қас-қабағымен және қол қимылымен көрсетіп тұрады.

Өзің сүйіп тыңдайтын Құрманғазы атындағы оркестр – қазақтың алғашқы халық аспаптар оркестрі. Оркестрді алғаш ұйымдастырып құрған өрі дирижёрі болған – композитор А. Жұбанов.

**3-тапсырма.** Орындау және суырыпсалма.



## Біздің оркестр

*Өлеңін жазған: А. Асылбек*

*Әнін жазған: Т. Қоңыратбаев*

1. Өтпейді әр кеш құр,  
Ойнаймыз оркестр.



Дауылпаз бастайды,  
Даңғыра қостайды.  
Та-та, та, та, та,  
Бум, бум.

2. Сыбызғы, ысқырық  
Қосылар ысқырып,  
Домбыра, сырнай да  
Күй төгер мұндайда.  
Дың-дың, ды-ғы-дың,  
Дың-дың.

3. Еш аспап қалмасын,  
Оркестр сарнасын!  
Бар аймақ кешкісін  
Дауысын естісін.  
Та-та, та, та, та,  
Бум, бум.

- ?! •** Әннің әуені мен сөзін тиянақты, үйлестіріп орында.  
• Ырғағын қадағала.

**4-тапсырма.** Суырыпсалма.

Екі топқа бөлініңдер.

**1-топ** «Біздің оркестр» әнінің бірінші шумағындағы *та-та, та, та, та* буындарын дауыспен әуендетіп, *бум-бум* буынын ұрмалы аспаптармен, шапалақпен соғып көрсетеді.

**2-топ** әннің екінші шумағындағы *дың-дың, ды-ғы-дың* буындарын дауыспен әуендетіп, *дың-дың* буынын ұрмалы аспаптармен, шапалақпен соғып көрсетеді.

- Әннің соңғы шумағын бірге орындаңдар.

**5-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

- Сыныптастарыңмен бірге топтық жұмысты таныстыр және бағала.




**БІЛІМІңДІ ТЕКСЕР**



**I. Тапсырмаларды орында**

1. Берілген сызбада қандай өлшем көрсетілген?



2. Алғашқы қазақ дирижёрі кім?
3. Бағдарламалық музыка дегеніміз не?
4. Берілген нота сызықтарынан паузаны тап.



5. «Мәңгілік ел жастары» әнінің өлең жолдарын толықтыр.

Ұлы Дала ...  
 ... ұшқан көгімнен.  
 Елім менің ...  
 ... сеніммен.

**II. Тест сұрақтары**

1. Дәулеткерейдің күйі.
  - A. «Балбырауын»
  - B. «Аққу»
  - C. «Көрұғлы»
  - D. «Біздің оркестр»
  - E. «Уақыт, алға!» («Время, вперед!»)
2. Ішекті аспап.
  - A. қоңырау
  - B. сазсырнай
  - C. жетіген




- D. сыбызғы
- E. дауылпаз

3. Ноталық үлгі көрсетілген музыкалық шығарма.



- A. «Елім-ай» халық өні
- B. «Аққу» күйі
- C. «Көрұғлы» күйі
- D. «Сырлы сағат» өні
- E. «Жүгіріп шықтым белеске» халық өні

# СӘУЛЕТ ӨНЕРІ





**Бөлімнен:**

- әртүрлі көңіл күйдегі музыканың сәулет өнерімен байланысын тауып, талқылауды;
- дүниежүзіндегі атақты опера театрлары мен Қазақстандағы «Астана Опера» театрын салыстырып талдауды;
- музыкалық шығарманың, өннің сипатын, мазмұнын, көркемдеуіш құралдарын анықтауды және салыстыруды;
- музыкалық көркемдеуіш құралдарды (штрих) ажыратуды және қолдануды;
- сәулет ғимараттарының және музыка шығармаларының формаларын талдап ажыратуды;
- музыкадағы шумақтық, шумақты-қайырымалы формаларды ажыратуды

үйренесің.

**Музыкалық сауат:**

- өн;
- форма;
- шумақтық форма;
- шумақтық-қайырымалы форма;
- ырғақ, ырғақтық сурет;
- музыкалық көркемдеуіш құралдар: *динамика, екпін, дыбыс бояуы, регистр*;
- штрихтар: *legato, nonlegato, staccato*;
- театр;
- опера.

**Терминдер мен ұғымдар:**

- өн – песня – song;
- форма – форма – the form;
- шумақтық форма – куплетная форма – stanza form;
- ырғақ – ритм – rhythm;
- регистр – регистр – register;
- штрих – штрих – touch;
- стаккато – стаккато – staccato;
- легато – легато – legato;
- нонлегато – нонлегато – nonlegato;
- дыбыс бояуы – тембр – timbre;
- опера – опера – opera.





## Музыка және сәулет

**1-тапсырма.** Ақпарат іздеу.

Ғаламтор желісінде немесе бейнетаспада берілген көріністерді көр. *Мына сұрақтарға жауап бер:*

- «Сәулет» дегеніміз не?
- Сенің қалаңда немесе ауылыңда қандай әсем ғимараттар бар?
- Неліктен сәулет нысандары әртүрлі?
- Олар не үшін қажет?
- Елордадағы «Бейбітшілік және Келісім сарайы» туралы не білесің?



 **Бейбітшілік және Келісім сарайы** – архитектуралық құрылыс кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Ол Астана қаласындағы қолдан жасалған жота үстінде орналасқан.


**Сәулет өнері** – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері.



## Бейбітшілік және Келісім сарайы

(сөзжұмбақ)

- ?! Сөзжұмбақты дұрыс шешсең, мына сұрақтың жауабын табысың:**  
«Бейбітшілік және Келісім сарайын» ел арасында қалай атайды?




1. «Бейбітшілік және Келісім сарайын» салу идеясын көтерген кім?
2. Жыл сайын сарайды көруге кімдер келеді?
3. Сарайдың ішінде музыка өнерін тамашалайтын қандай зал бар?
4. Көркем суреттер мен картиналарды тамашалайтын қандай зал бар?
5. Ғимаратты салған ағылшын сәулетшісі кім?
6. Музыка шығаратын адамды кім деп атайды?
7. Ең кіші уақыт өлшемі қалай аталады?
8. Сарай еліміздің қай қаласында орналасқан?

**2-тапсырма.** Талдау. Ақпарат іздеу.

- ?! Сәулеттік нысандардың суреттеріне қара, салыну тарихымен таныс.**


- Бұл ғимараттардың сырт пішіні қандай?
- Әр ғимарат неше бөліктен тұрады?



«Нұр Әлем».  
ЭКСПО-2017 көрмесі.  
Астана қаласы.



«Үй-жұмыртқа».  
Ресей. Мәскеу қаласы.  
2002 ж. салынған.

 Үш сәулетті нысанды салыстырайық: «Бейбітшілік және Келісім сарайы», ЭКСПО-2017 көрмесінің «Нұр Әлем» кешені, «Үй-жұмыртқа» – олар бір-біріне ұқсамайды және ерекше керемет формасымен (пішінімен) адам көзін тартады. Олардың формалары қандай және неше бөліктен тұрады?

Сәулетті нысандар мен музыкалық шығармаларды, мысалы, әндермен салыстырып көрсек, онда олардың арасындағы қандай байланыс пен айырмашылықты көруге болады?

**?!** Тобыңмен бірге талда. Өзіңе таныс «Кемпірқосақ» пен «Елім-ай» әндерін есіңе түсір.

- Әндердің формасын анықта, олар несімен ерекшеленеді? Қайсы ән тек шумақтан, ал қайсысы шумақ пен қайырмадан тұрады?
- Әндердің мазмұны не туралы?
- Осы әндер сенің қандай сезіміңді оятады? Есіңе түсір, сыныппен бірге орында.



**Форма** (лат. *forma*) дегеніміз – түр, кескін, сыртқы бейне, әдемілік.

**Музыкалық форма** – музыкалық шығармада бөлімдер мен бөліктердің белгілі бір тәртіппен орналасуы.

Вокалдық музыкада негізгі формалардың бірі – **шумақ және қайырма**.

**Шумақтық форма** – вокалдық музыкадағы ең қарапайым форма.

Шумақтық формада музыка (әуені) қайталана береді, ал өлеңі (мәтіні) өзгереді.


**3-тапсырма.** Өнді үйрену және орындау.



### Киіз үй

Өлеңін жазған: Қ. Баянбаев

Әнін жазған: Ж. Тұрсынбаев





1. Шопан үйі аулақта  
Қақтырғандай таңдайды.  
Ауып келген тау жақтан  
Ақша бұлттан аумайды.  
Қарап шықтым біртіндеп,  
Жасауларын жарасқан.  
Төбедегі түндіктен  
Көрінеді көк аспан.

*Қайырмасы:*

Көрінеді көк аспан.  
Ха-лө-лө, лө-лө, лө-лө,  
Көрінеді көк аспан.

2. Керегесін түргенде  
Самал есіп тұрады.  
Таңғажайып бұл бөлме  
Маған қатты ұнады.  
Еркін ойнай аласың,  
Киіз үй ғой дұрысы.  
Тұрғызатын баланы  
Жоқ ешқандай бұрышы.

*Қайырмасы:*

Көрінеді көк аспан.  
Ха-лө-лө, лө-лө, лө-лө,  
Көрінеді көк аспан.

**?!** Әннің бірінші шумағын ән орындау талаптары бойынша үйрен. Әннің мазмұнына көңіл бөл.

- Әннің формасын үлестірмелі парақшалар арқылы көрсет.
- Ән неше бөлімнен тұрады?
- Әнді қандай формаға жатқызуға болады?



4-тапсырма. Талдау.



### Киіз үй туралы жұмбақтар

1. Төбедегі көзінен  
Күн сәулесі түседі.  
Бұрышы жоқ төрінен,  
Самал еркін еседі.

2. Жетпіс екі найзаны  
Біріктіріп ұстап тұр,  
Ата-баба мұрасы – ол,  
Ие болар ұрпағы.

3. Қабырғасы тор көз,  
Төбесінде зор көз.

4. Тұмсығын тесіп,  
Жүннен бұйда есіп,  
Қазыққа байладым.

5. Келсең жолды ашады,  
Кетсең жолды жабады.

6. Даланың тайраңын,  
Қаз-қатар тұрғызып,  
Отыз жерден байладым.

7. Дөңгелек үйдің  
Қарашұбар жыланмен  
Белін будым.



5-тапсырма. Орындау және суырыпсалма.



## Киіз үй

(ойын)

**Шарты.** Оқушылар төрт топқа бөлінеді: «Екпін», «Дыбыс күші», «Регистр», «Дыбыс бояу».

Әр топ өз атауларына байланысты «Киіз үй» әнінің музыкалық көркемдеуіш құралдарын өзгертеді.

Содан кейін әр топ:

- әннің ырғақтық суретін шапалақтап көрсетеді;
- әнді орындағанда мазмұнына қарай көркемдеуіш құралдарды дұрыс қолданады.



6-тапсырма. Бағалау.

**?! Ойынның шарты бойынша «Киіз үй» әніне байланысты жасаған жұмыстарын бағалау.**

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Тапсырма орындау барысында қандай қиындықтар болды?
- Таныстырылымыңды қалай жақсартуға болады?



## Музыка және сәулет

(жалғасы)

1-тапсырма. Талдау.

- ?! • Музыка мен сәулеттің байланысы неде?**
- ?! • «Помпейлік үй» ғимаратының суретіне қара.**





- Ғимаратта не қайталанады? Қандай реттілікте?

Т				Е
---	--	--	--	---

Б				Н
---	--	--	--	---

- Музыкада осы реттілікті не арқылы көрсетуге болады?

Ы			Қ
---	--	--	---




«Помпейлік үй». Ресей. Мәскеу қаласы.  
2005 ж. салынған.

**2-тапсырма.** Зерттеу және орындау.

**?! Суретке қара.** Дауысыңмен немесе шапалақ соғу арқылы ғимараттың қайталанып тұрған бөлімдерін көрсет. Қандай ырғақ шығады?

- Таяқшалармен берілген екі ырғақ суретінің қайсысы ғимараттың қайталанып тұрған бөліктерін дұрыс көрсетеді?





### 3-тапсырма. Зерттеу.



Қазақтың ұлттық киіз үйі.



«Ханшатыр». Астана қаласы.  
2010 ж. салынған.

### ?! Жұптық жұмыс.

- «Киіз үй» мен «Ханшатырдың» ерекшеліктері мен ұқсастықтарын тауып, салыстыр.
- Олардың пішіндері қандай?
- Құрылымдарында не өзгешелік бар?
- Қандай материалдардан жасалған?
- Ғимараттарға қатысты өз сезіміңмен бөліс.
- Осы туындыларға қарап, қандай көңіл күй сезіндің?

### 4-тапсырма. Орындау және суырыпсалма.



«Сидней-Опера» театры.  
Австралия.  
1973 жылы салынған.



?! Есіңе түсір:

- *Штрих* дегеніміз не?
- Музыкада қандай штрихтар жиі қолданылады? Олар қалай орындалады? Оқулықтың бірінші бөлімінде өткен материалды есіңе түсір.
- Оларды қай кезде қолданады? Түсінік бер.
- Қазақтың ұлттық «Киіз үйі» мен «Сидней-Опера» театрының сыртқы пішінін салыстырып зертте. Олардың пішіні қандай?
- *Staccato* және *legato* штрихтары арқылы екі ғимараттың сыртқы пішінін бейнелеуге бола ма?
- Ғимараттардың пішінін дауыспен келтіріп көр. *Staccato* және *legatoны* қолдан.

**5-тапсырма.** Тыңдау, талдау және орындау.

### «№1 тәжік биі»

(үзінді)

Музыкасын жазған: Ахмет Жұбанов





«№2 төжік биі»  
(үзінді)

Музыкасын жазған: Ахмет Жұбанов

?! А. Жұбановтың «№1 төжік биі», «№2 төжік биі» шығармаларының орындалуын бейнетаспадан көр және оқулықта берілген нота үзінділерімен салыстыр.

- Композитор шығармаларында қандай штрихтарды пайдаланды?
- Олар қалай дыбысталады?
- Музыкада *staccato*, *legato* және *nonlegato* штрихтар не үшін қолданылады?
- Осы екі бидің негізгі өуенін *ля* буынына салып, *staccato*, *legato* және *nonlegato* штрихтарымен орында. Қандай айырмашылығы бар? Түсінігінді айт.



**Штрих** дегеніміз – бір немесе бірнеше дыбысты өртүрлі шығару тәсілі.

**6-тапсырма.** Өнді орындау.

- ?! «Киіз үй» өнінің (өлеңін жазған: Қ. Баянбаев, өнін жазған: Ж. Тұрсынбаев) екінші шумағы мен қайырмасын өн үйрету талаптары бойынша орында.**
- Өнді мәнерлеп, әдемілеп орында.
  - Өннің ырғағын шапалақпен немесе пластикалық қимылдармен ақырын сүйемелде.
  - Өн туралы өз пікіріңді айт.

**7-тапсырма.** Бағалау.

- ?! «Киіз үй» өнін толық мәнерлеп орында, өуенін таза, сөздерін анық, түсінікті айт. Мына сұрақтарға жауап бер:**
- Өнді орындау барысында қандай қиындықтарға тап болдың?
  - Өнді дұрыс орындау үшін нені жақсартар едің?

**8-тапсырма.** Орындау, бағалау.

- ?! • Мен не білдім?**
- Бүгін мен не үйрендім?
  - Мен үшін қандай тапсырма қиын болды?
  - Қай тапсырманы мен оңай орындадым?



## Әлемдегі театрлар

**1-тапсырма.** Ақпарат іздеу.

- Өз тобыңмен бірге берілген театрлар туралы ақпарат ізде:
1. «Ла Скала» театры. Италия. Милан.
  2. «Астана Опера». Қазақстан. Астана.
  3. «Большой театр». Ресей. Мәскеу.
  4. «Гранд-Опера» театры. Франция. Париж.



«Астана Опера» опера және балет театры. Қазақстан. Астана. 2013 ж. салынған.



«Ла Скала» опера және балет театры. Италия. Милан. 1778 ж. салынған.



«Большой театр» Мемлекеттік академиялық үлкен театры. Ресей. Мәскеу. 1776 ж. салынған.




«Гранд-Опера» театры. Франция. Париж. 1875 ж. салынған.

**?! Театрлар туралы мәліметтеріңмен бөліс. Сынып алдында баянда, сұрақтарға жауап бер.**

- Аталған театрлары бар елдердің тулары қандай? Туларында не бейнеленген?
- Театрдың құрылымы мен сырт пішіні қандай? Ерекшеліктері бар ма?

**2-тапсырма. Талдау.**

 Опера театрында негізінен опера спектакльдері қойылады. Спектакльге көптеген әншілер қатысып, хор, ансамбль, квартет, дуэт, жеке дауыста ән шырқайды. Әншілердің дауыстары кәсіби тұрғыда жетілген болу керек. Себебі ән жанды дауыста орындалады, микрофон



көбіне пайдаланылмайды. Тыңдармандар әншілерге, ән орындауына, дауыстардың әсемдігіне аса үлкен көңіл бөледі және содан ләззат алады.

?! • «Астана Опера» театры туралы бейнетаспадан көр және сыныппен бірге талда. *Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Опера дегеніміз не?
- Операда әншілік өнері қандай орын алады?
- Әншілер дауыстарының қандай түрлерін және дыбыс бояуларын білесің? Бейнетаспадан көр және тыңда, түсінігіңді айт.
- Әншілер дауыстарын жоғары, ортанғы, төменгі регистр бойынша топтастыруға (классификация жасауға) бола ма?
- Берілген торкөздерді толтыр және түсінігіңді айтып бер.

С							О
---	--	--	--	--	--	--	---

Т					Р
---	--	--	--	--	---

К										О
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---

Б		С
---	--	---

Б							Н
---	--	--	--	--	--	--	---

М						-						О
---	--	--	--	--	--	---	--	--	--	--	--	---



Әйелдер дауыстары: сопрано, меццо-сопрано, контральто; ерлер дауыстары: тенор, баритон, бас.

Адамдар дауыстарын жоғарғы (әйелдер), орта (балалар), төмен (ерлер) регистрге бөлуге болады.

Әншілер дауыстарының топтасуы			
Дауыстар	Әйелдер	Балалар	Ерлер
жоғарғы	сопрано	сопрано (қыздар), дискант	тенор
орта	меццо-сопрано	альт	баритон
төмен	контральто	–	бас



- Әр дауыстың латын тілінде белгілері бар:

Әйелдер дауысы: сопрано – S.

Әйелдер дауысы: альт – A.

Ерлер дауысы: тенор – T.

Ерлер дауысы: бас – B.

**Классификатор** – мәліметтерді топтарға бөлетін бағдарлама.

**Жанр** – әрбір өнердің ерекшелігіне байланысты түрлері. Француз тіліне аударғанда «тек», «түр» деген мағынаны білдіреді.

**Опера** – музыкалық өнер жанры.

Операда вокалдық және аспаптық музыка, драматургия, хореография, бейнелеу өнері (декорация, костюмдер), театр әрекеті біріктірілген.

**Либретто** – операның қысқаша мазмұны.

**3-тапсырма.** Шығармашылық және суырыпсалма.



### «Алдаркөсе айлакерлігі» музыкалық композициясы

(шығармашылық ойын)

**Ойынның шарты.** Оқушылар алдын ала үй тапсырмасы ретінде бейнетаспадан Алдаркөсе туралы ертегі мультфильмдерді көрулері керек. Мұғалім тапсырған ертегілер бойынша топқа бөлініп, дайындалулары қажет. Ертегілер сюжеті бойынша дайындалған заттарды: қорапшалар, аксессуарлар, түрлі киім-кешек т.б. пайдаланған абзал. Сонымен қатар дауыс бояуларын (диалог, кейіпкерлер, рөлдік ойын т.б.) шығармашылық





тұрғыда қолданып, опера жанрындағы шағын, жеңіл түрде құрастырылған музыкалық композиция жасаулары керек.

**4-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

**?!** Өз тобыңмен дайындаған операға байланысты қысқаша қойылымыңды көрсет. Мәнерлеп орында. Сабақтарда өтілген түсініктерді қолдан:

- штрихтар (*staccato, legato, nonlegato*);
- дауыс бояулары;
- ырғақ;
- динамика.

**5-тапсырма.** Бағалау.

**?!** Оқушы өз тобымен сұрақтарға жауап береді. Дайындалған қысқа қойылым мына критерийлер арқылы бағаланады:

- Сюжетке қайсы оқушы жақсы қатыса алды?
- Қаншалықты өз рөлін мәнерлі көрсетті? (Әр топтың орындау сапасын бағалау).
- Не сәтті болды?
- Нені өзгертуге болады?


**БІЛІМНІ ДІ ТЕКСЕР**

**I. Тапсырмаларды орында**
**1. Сұрақтардың дұрыс жауабын тап.**

<b>Сұрақ</b>		<b>Жауап</b>	
1.	«Сәулет өнері» дегенді қалай түсінесің?	1	Күннің сәулесін өндіріске пайдаланатын өнер
		2	Құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері
		3	Жолдарды жобалау, құрастыру өнері
2.	Астанадағы «Бейбітшілік және Келісім сарайын» кім салған?	1	Ағылшын сәулетшісі Норман Фостер
		2	Қазақ сәулетшісі Т. Сүлейменов
		3	Орыс сәулетшісі И. Глазунов
3.	«Форма» деген сөзді қалай түсінесің?	1	Түр, пішін, кескін, сыртқы бейне
		2	Балалар ойынының бір түрі
		3	Музыка аспабы
4.	<i>Шумақтық формада</i> музыка қалай орындалады?	1	Сөзімен бірге орындалады
		2	Әуені қайталана береді, ал өлеңі өзгереді
		3	Жол-жол болып орындалады
5.	Музыкадағы «штрих» – ол ...	1	Музыкалық дыбыстар шығару тәсілі
		2	Екі музыкалық аспап қосылып ойнау дәстүрі
		3	Бояулардың бір түрі



6.	«Бейбітшілік және Келісім сарайын» ел арасында қалай атайды?	1	Көркем сурет галереясы
		2	Пирамида
		3	Музыка өнерінің сарайы
7.	Әйелдер дауысын қалай атайды?	1	Сопрано
		2	Дискант
		3	Тенор

2. «Киіз үй» өнінің бірінші шумағындағы көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптеріңе жаз.

Шопан үйі ... ,  
 Қақтырғандай таңдайды.  
 Ауып ... тау жақтан  
 ... бұлттан аумайды.  
 Қарап шықтым ... ,  
 ... жарасқан.  
 Төбедегі түндіктен,  
 ... көк аспан.

# ӨНЕР



Адамның сөні – өнер, білім, ақылы.

*(Халық мақалы)*



**Бөлімнен:**

- әртүрлі көңіл күйдегі музыка мен өнер түрлерінің (поэзия, би, балет, сурет, мүсін) байланысын тауып талқылауды;
  - тыңдаған өуеннің сипатын, мазмұнын, көркемдеуіш құралдарын анықтауды және салыстыруды;
  - музыкалық формаларды ажыратуды;
  - музыкалық көркемдеуіш құралдарды ажыратуды және қолдануды;
  - концерт, композитор, оркестр, өуен туралы түсінік алып, сабақта пайдалануды;
  - қазақтың үрлемелі музыкалық аспаптарының (сыбызғы, сазсырнай) дыбыс бояуын, ойнау тәсілін ажыратуды
- үйренесің.**

**Музыкалық сауат:**

- концерт;
- поэзия;
- композитор;
- оркестр;
- өуен;
- ноталар ұзақтығы (төрттік, сегіздік);
- мүсін;
- музыкалық форма;
- музыкалық құрылым;
- 2 және 3 бөлімді;
- би;
- балет.

**Терминдер мен ұғымдар:**

- концерт – концерт – concert;
- композитор – композитор – composer;
- оркестр – оркестр – orchestra;
- өуен – мелодия – melody;
- музыкалық форма – музыкальная форма – musical form;
- музыкалық құрылым – музыкальная структура – musical structure;
- би – танец – dance.



## Музыка және поэзия

**1-тапсырма.** Аңызды тыңдау.



«Өте ерте заманда жер бетін мекендеген халықтар өлең дегеннің не екенін, ән дегеннің не екенін білмеген. Адамдар көңілсіз, сүреңсіз өмір сүріп жатты. Табиғат та мұңға батып, мүлгіген тыныштық орнаған. Ол кезде әннің құдіретін аспан ғана білген, себебі ән тек аспанда ғана қалықтап жүрген.

Бір күні сиқырлы **Ән** төмен түсіп, кең даланың үстінде қалықтаған. Ол жердегі көңілсіз адамдарды көріп аяп, «осыларға бір жақсылық жасайыншы» деп ойлайды.

Ән көңіл күйіне қарай кейде жер бауырлап, кейде биікке самғап ұшып жүреді. Ән төмендеген сайын сол жердегі адамдар бірден әнші, жыршыға айналады. Ал биік қалықтап кеткен жердің халқы әншіліктен құр қалған екен.

Ән қазақ жеріне келгенде төмен құлдырап, қалықтап ұшып, халыққа музыкалық қабілетті үйіп-төгіп шашады. Осылайша ол халықты ән мен өлеңнің, жыр мен күйдің, суырыпсалмалықтың шеберіне айналдырған екен».

**2-тапсырма.** Ақпарат іздеу, талдау.

**?! Музыка мен поэзия өнерлеріне талдау жаса:**

- Музыка дегеніміз не?
- Поэзия дегеніміз не? «Әдебиеттік оқу» сабағында өткеніңді есіңе түсір.



- Музыка мен поэзияның айырмашылығы, байланысы неде?
- Қазақтың халық музыкасы мен поэзиясының байланысын не арқылы көруге болады?

**3-тапсырма.** Зерттеу, орындау.

**?!** Музыка мен поэзияны байланыстыратын өндерді, өлеңдерді зерттеуді Абай Құнанбайұлы шығармалары негізінде жалғастыр.

**Абай Құнанбайұлы (1845–1904)** – ұлы ақын, философ, аудармашы, композитор.

Абайдың өлеңдерімен қатар өндері де халық арасына кең тараған. «Сегізаяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып» және т.б. өндері бар.



Абай өз шығармаларында табиғат сұлулығын, адамның көңіл күйін әсерлі әуенмен бейнелеп жеткізеді. Абайдың өндерін зерттеушілер оның өндері «еуропалық романстарға тең» дейді.



### **Желсіз түнде жарық ай**

*Өлеңі мен әнін жазған: А. Құнанбайұлы*

1. Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.  
Ауылдың жаны – терең сай, } *2 рет*  
Тасыған өзен күрілдеп.
2. Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзі.



Көрінбей жердің топырағы, } 2 рет  
Құлпырған жасыл жер жүзі.

?! Абай Құнанбайұлының «Желсіз түнде жарық ай» әнін бейнетаспадан тыңда және талда:

- Көз алдыға қандай көріністер елестейді?
- Әннің әуенін талда: көңіл күйін (мұңды, нәзік, әсерлі); екпінін (тез, баяу, жылдам); дыбыс күшін (*f*, *p*, аралас) ажырат.
- Әннің көңіл күйін мына торкөздерде берілген сөздер арқылы сипатта, түсінігінді айт.

тынық	жарық	қадала	көңілді	аянышты
өзілқой	күңгірт	әдемі	көркем	асықпай

4-тапсырма. Әуен құрастыру.

- Абай Құнанбайұлының төрт жол өлеңін оқы.
- Мына өлең жолдарының әуенін ырғақтық суретпен көрсет.

Жел-сіз түн-де жа-рық ай,  
Сәу-ле-сі су-да ді-ріл-деп.  
А-уыл-дың жа-ны – те-рең сай,  
Та-сы-ған ө-зен кү-ріл-деп.





**5-тапсырма.** Тыңдау және талдау.

**?! С.** Сейфуллиннің «Көкшетау» әнін бейнетаспадан тыңда және талда:

- Әннің әуені мен сөзіне көңіл бөл. Олардың байланысы мен айырмашылығы неде?
- Шығарманың көңіл күйі қандай?
- Екпіні қандай?
- Ән қандай ладта (мажор/минор) жазылған?
- Әнші өзін қандай аспаппен сүйемелдеді?

**Сәкен Сейфуллин (1894–1938)** – ақын, жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері.

«Көкшетау», «Тау ішінде», «Біздің жақта» деген шығармалары халықтың сүйікті әндеріне айналған.



### Көкшетау

*Өлеңі мен әнін жазған: С. Сейфуллин*

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.  
 Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.  
 Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,  
 Жүреді біліп кетіп есен-сауын.  
 Сексен көл Көкшетаудың саясында,  
 Өрқайсы алтын кесе аясында.  
 Ауасы дертке дауа, жұпар иісі –  
 Көкірек қанша жұтсаң тоясың ба?

### Қайырмасы:

Хәй-лә-ли-ләй, ли-лә-ли-ләй, ли-лә-ләй,  
 Хәй-лә-ли-ләй, ли-лә-ли-ләй, ли-лә-ләй.



**Музыка** – белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін өнер түрі.

**Поэзия** – өлең түріндегі ауызша немесе жазбаша жазылған әдеби көркем шығарма.

**Романс** – аспап сүйемелінде орындалатын жеке дауысқа арналған поэтикалық мазмұндағы шағын музыкалық шығарма.

**6-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

**?! Кұрастырылған шығарманы сынып алдында орында және бағала.**

- Өзара бағалау жүргіз.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*


- Сабақта не сәтті шықты?
- Қай тапсырма қиын болды?
- Сабақта нені өлі де жақсарту қажет?



## Музыка бейнелейді

**1-тапсырма.** Әңгімелесу, талдау.

Мұғалім сабақтың басында Қазақстанның атақты суретшілері Ә. Қастеевтің, Қ. Телжановтың, М. Кенбаевтың, А. Ғалымбаеваның туындыларын дидактикалық құрал ретінде көрсетеді. Картиналар мен суретшілер туралы оқушыларға қысқаша түсінік береді.

 Адам қашанда табиғат сұлулығына тамсана қарайды. Суретшілер табиғат бейнесін әр алуан бояулар түсімен бейнелейді. Ал композиторлар музыкада табиғат көріністерін қалай бейнелейді?

**2-тапсырма.** Тыңдау. Зерттеу.

**?! Топтық жұмыс.** Аида Исакованың «Весенний ливень» («Көктемгі нөсер») атты шығармасын бейнетаспадан мұқият тыңда.

- Музыканы көзінді жұмып тыңда, орындалуына көңіл бөл.



## Весенний ливень («Көктемгі нөсер»)

Музыкасын жазған: А. Исакова



- ?! •** Көз алдыңа нөсер жауынның қандай көріністері елестеді?  
**•** Кестеден музыкаға сәйкес келетін сөздерді таңдап, топта талқыла.

қатты/күшті	мұңды	найзағай	жылдам	жел
көңілді	ойнақы	дыбыс	асықпай	баяу
тамшы	екпінді	жабырқап	ұйытқып	күн күркіреу

- Топпен ақылдасып, шығарманың мазмұнын сызбаға салып, орындалу реттілігін көрсет. Таңдап алған сөздерді пайдалан.
- Музыканы тобыңмен бірге екінші рет тыңдап, жасаған сызбаны толықтырыңдар.
- Топтың қалауы бойынша толықтырылған сызбаны баяндап, сурет салып немесе пантомима арқылы көрсетіңдер.

**3-тапсырма.** Ақпарат іздеу. Шығармашылық.

- ?!** Бейнетаспадан Әбілхан Қастеевтің туындыларымен таныс.  
**•** Солардың ішінен қайсысы сенің ой-қиялыңды қозғады? Түсінігіңді айтып бер.



**Әбілхан Қастеев (1904–1973)** – қазақтың әйгілі кескіндеме шебері, график-суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі.

Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген. Мыңнан астам көркем туындылар салған.

- ?! •** Әбілхан Қастеевтің бір туындысына кішігірім өуен құрастыр.

**4-тапсырма.** Ән үйрену.



### Өнерлі бала

*Өлеңін жазған: А. Асылбек*

*Әнін жазған: Ә. Бүшікова*

1. Мен өнерлі баламын,  
Қолда сиқыр қаламым.  
Табиғаттың тамаша  
Суреттерін саламын.

Салам асқақ тауларын,  
Өзен, көлдер, бауларын.  
Жарқырата көрсетем  
Жарқын жақсы жандарын.

*Қайырмасы:*

Өнер – өрнек, ән-күйлер,  
Бой балқытқан бал билер.

- ?!** Әннің бірінші шумағы мен қайырмасын үйрен.
- Әннің мазмұнына көңіл бөл. Не туралы айтылады?
  - Әннің көңіл күйін көрсетіп, мәнерлеп орында.



**5-тапсырма.** Ақпарат іздеу, талдау.



**Музыка және сурет**  
(ойын)



көкек



қасқыр



домбыра



жетіген

**Ойынның 1-шарты.** Берілген төрт суретпен таныс.

**Ойынның 2-шарты.** Бейнетаспада берілген Жаппас Қаламбаевтың орындауындағы «Қасқыр» халық күйін (қобыз аспабы), «Көкек» күйін (қобыз аспабы), Н. Меңдіғалиевтің «Домбыра аңызы» (фортепиано аспабы) шығармасын тыңдап, салыстыр.

**Ойынның 3-шарты.** Тыңдаған шығармаларыңды суреттермен салыстыр және сәйкестіктерін тап.

**6-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

**?!** • Өзара бағалау жүргіз.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Сабақта не сәтті шықты?
- Қай тапсырма қиын болды?
- Сабақта нені өлі де жақсарту қажет?



## Музыка және мүсін

**1-тапсырма.** Өңгімелеу. Талдау.

- ?!** Бейнетаспада берілген мүсіндерді сыныпта талда.
- Мүсін түрлеріне назар аудар.
  - Мүсіндер қандай көңіл күйді білдіреді?

**2-тапсырма.** Ақпарат іздеу.

- ?!** *Мына сұрақтарға жауап бер:*
- Мүсін дегеніміз не?
  - Мүсіннің қандай түрлері бар?
  - Олар неден жасалады?

**3-тапсырма.** Талдау.

- ?!** Музыка мен мүсін өнерін салыстыр. Бір жағында мүсін өнерінің туындылары – мүсіндер, оларды жасайтын мүсіншілер. Екінші жағында музыка өнерінің туындылары – музыканың өзі, оны жазатын композиторлар және ойнайтын музыканттар, музыкалық аспаптар және т.б.
- Суреттерді зертте, талдау жаса, сұрақтарға жауап бер, пікіріңді айт.
  - Мүсіндер атақты музыканттарды, музыкамен байланысты құбылыстар мен аспаптарды бейнелей алды ма?



Людвиг ван Бетховен – дүниежүзіне әйгілі неміс композитор-классигі



«Изумрудная музыка». Тірі өсімдіктерден жасалған мүсін



«Битлз» тобы



Дирижёр, композитор  
Н. Тілендиев



Қобыз



Күй атасы  
Құрманғазы

#### 4-тапсырма. Тыңдау және талдау.

**?!** Гүлнәр Абдрашева «Мүсіндер мұражайында» шығармасында музыка арқылы мүсіндердің бейнесін көрсеткен. Шығарманы тыңда, талда.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Көз алдыңа қандай көріністер елестеді?
- Суреттегі мұражайға қойылған мүсіндерді зерделеп қара. Тыңдаған музыкамен салыстыр. Қай музыка қандай мүсінге сәйкес келеді?



## Мүсіндер мұражайында (музыкалық суреттер)

Музыкасын жазған: Г. Абдрашева



**?!** Музыкағы кейіпкерлердің атауларын төркөздерден тауып, түсінігінді айтып бер.

К								І	Қ								Н						
Т								Н	Е								К						
А																	Е	А					У

5-тапсырма. Өнді үйрену.



### Өнерлі бала

Өлеңін жазған: А. Асылбек

Әнін жазған: Ә. Бүшікова

- Маманымын ісімнің,  
Небір ұлы кісінің  
Келтіріп бар пішімін,  
Тұрғызамын мүсінін.  
Абай – ақыл дария,  
Жамбыл – жырау қария.  
Біз жасаған мүсіндер –  
Мәншүк пенен Әлия.





*Қайырмасы:*

Өнер – өрнек, өн-күйлер,  
Бой балқытқан бал билер.

- ?! • Екінші және үшінші шумақтарды үйрен.
- Әнді мәнерлеп орында.

**Мүсін** – кеңістікте жан-жақты бейнеленген, сомдалған көркем шығарма.

**Мүсіндеме** – көркемөнердің бір түрі. Мүсінді орыс тілінде «скульптура» деп атайды. «Скульпо» латын тілінде «кесу, қашау» деген мағынаны білдіреді.

**Мүсіндеменің түрлері:** жұмыр және рельеф.

**Мүсінші** – мүсін жасайтын адам.

**Мүсіндеме** қатты немесе пластикалық заттардан, соның ішінде: тастан, темірден, сазбалшықтан, балауыздан, ағаштан, сүйектен және басқа материалдардан жасалады.

**Мүсіндеме туындылары** үш өлшемнен (биіктік, ендік, аумақтық) құралады.

- ?! Сөзжұмбақты шеш.

**«Мүсіннің сыры» сөзжұмбағы**

	1			5	6			10			
	К							Б			12
			3	Т				9			Ж
		2	М					Т			
		С								11	
		М	Ү	С	І	Н	Н	І	Ң		
					Р						
	І		Н		І						
		К						Қ		Р	
											Ф



1. Мүсіннің формасы.
2. Мүсін жасалатын материал.
3. Кеңістікте жан-жақты бейнеленген, сомдалған көркем шығарма.
4. Мүсін жасалатын материал.
5. Мүсін жасайтын адам.
6. Көркемөнердің бір түрі.
7. Мүсіндеме туындыларының өлшемі.
8. Күн шығар алдындағы мезгіл.
9. Мүсін жасалатын материал.
10. Мүсін жасалатын материал.
11. Мүсіндеменің бір түрі.
12. Мүсіндеменің тағы бір түрі.

**6-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.


**?! Құрастырылған шығарманы сынып алдында орында және бағала.**

- Өзара бағалау жүргіз.
- Мына сұрақтарға жауап бер:*
- Сабақта не сәтті шықты?
  - Қай тапсырма қиын болды?
  - Сабақта нені өлі де жақсарту қажет?



## Музыка және форма

**1-тапсырма.** Қайталау. Ақпарат іздеу.

 «Сәулет өнері» атты төртінші бөлімде Қазақстандағы және әлемдегі сәулет өнерінің түрлі формадағы белгілі нысандарымен таныстың. Сонымен бірге музыкалық формалардың бірі – шумақтық форма туралы жалпы түсінік алдың.

**?! Мына сұрақтарға жауап бер:**

- Форма дегеніміз не?
- Сәулет өнерінің қандай формадағы нысандары бар?



- Музыка өнерінде өндерге байланысты қандай формаларды білесің?

Ш				Қ
---	--	--	--	---

Ш				Қ
---	--	--	--	---

Қ							а
---	--	--	--	--	--	--	---

## 2-тапсырма. Тыңдау және талдау.

**?! Бейнетаспадан А. Құнанбайұлының өзіңе таныс «Желсіз түнде жарық ай» және Ақан серінің «Қараторғай» әндерін жеке әнші мен хордың орындауында тыңда. Әндерді талда және салыстыр.**

Екі әннің қандай айырмашылығы мен ұқсастығы бар?

- Мазмұнында?
- Екпінінде?
- Дыбыс күшінде (динамика)?
- Көңіл күйінде?

Қайсы ән шумақ пен қайырмадан, ал қайсысы тек шумақтан тұрады?


**Ән** – вокалдық музыканың бір түрі.

**Вокалдық музыка** – музыка аспабының сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз жеке әншіге, хорға арналып жазылған музыкалық шығарма.




**Шумақтық форма** – вокалдық музыкадағы ең қарапайым форма. Шумақтық формада музыка (өуені) қайталана береді, ал өлеңі өзгереді.

**Шумақ және қайырма** – вокалдық музыкада негізгі формалардың бірі.

## 3-тапсырма. Ақпарат іздеу, зерттеу.

 Айналаңа қарасаң, біздің күнделікті өмірімізде пайдаланатын әртүрлі пішіндегі (формадағы) заттарды көресің. Суретте көрсетілген шеңбер, үшбұрыш, шаршы немесе тікбұрыш сияқты геометриялық пішіндерге тағы қандай заттарды ұқсатуға болады?




	күн, алма, қарбыз, доп, шаңырақ
	үй, дәптер, қорап, теледидар экраны
	үйдің төбесі, шырша, қоңырау

Музыкалық шығармалардың да алуан түрлі формалары бар. Бірақ оларды көре алмайсың, тек тыңдағанда ғана есту арқылы сезуге болады.



Музыкалық формалар қарапайым және күрделі деп бөлінеді. Сабақтың тақырыбына байланысты біз қарапайым формалардың ішінен бір бөлімді (период), екі бөлімді (шумақ, ән), үш бөлімді формаларды зерттейміз.

Шаршы пішіні арқылы түсінік алайық.

### Бір бөлімді музыкалық форма

	П. Чайковскийдің « <b>Болезнь куклы</b> » («Қуыршақтың сырқаты») пьесасы бір бөлімді формада жазылған. Ол шаршы ішінде А әрпімен белгіленген. Шығарманың музыкалық бейнесі басынан аяғына дейін бір қалыпта болады, өзгермейді. <b>?!</b> Тыңда, пікіріңді айт.
---	--

### Екі бөлімді музыкалық форма

 	П. Чайковскийдің « <b>Неополитанская песенка</b> » («Неополитан әні») пьесасы екі бөлімді формада жазылған. Көп әндер осы формада жазылады. ШУМАҚ (А) + ҚАЙЫРМА (В) = ӘН <b>?!</b> Тыңда, пікіріңді айт.
---	---



## Үш бөлімді музыкалық форма

<div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="border: 1px solid black; background-color: #f8d7da; padding: 5px; margin: 2px;">А</div> <div style="border: 1px solid black; background-color: #fff3cd; padding: 5px; margin: 2px;">В</div> <div style="border: 1px solid black; background-color: #f8d7da; padding: 5px; margin: 2px;">А</div> </div>	<p>П. Чайковскийдің «Вальс» («Вальс») пьесасы үш бөлімді формада жазылған. Бірінші (А) және үшінші (А) бөлімдердің музыкасы қайталанады, кейбір кезде үшінші бөлімде сәл өзгереді. Екінші (В) бөлімнің музыкасы өзгеше болады.</p> <p><b>?! Тыңда, пікіріңді айт.</b></p>
---	---

**?! Музыкалық шығарманы тыңдағанда оның атауына көңіл бөл. Қанша бөлімнен тұратынын естуге тырыс. Себебі композитор музыкалық бейнені ашу үшін шығарманы бөлімдерге бөлген. *Музыкалық бейне* шығарманың мазмұнын, кейіпкерлер мен автордың ой-толғанысын, сезімін ашады.**

**Петр Ильич Чайковский (1840–1893)** – орыстың ұлы композиторы. Балаларға арналған көптеген музыкалық шығармалар жазған. Соның бірі – «Детский альбом». Ол фортепиано аспабына арналып жазылған.



**Музыкалық форма** – музыкалық шығарманың құрылымы, композициясы.

**Бөлім (период)** – ең қысқа музыкалық форма.

**Бір бөлімді форма (А)** – қарапайым музыкалық форма, бір бөлімнен тұрады.

**Екі бөлімді форма (АВ)** – қарапайым музыкалық форма, екі бөлімнен тұрады. Мысалы: шумағы мен қайырмасы бар әндер.

**Үш бөлімді форма (АВА)** – қарапайым музыкалық форма, үш (АВА) бөлімнен тұрады. Екінші (А) көбінесе, бірінші (А) бөлімін сәл өзгертулермен қайталайды.



4-тапсырма. Өн үйрену.



## Геометриялық пішіндер

Өлеңін жазған: А. Асылбек

Әнін жазған: Ә. Бүшікова

1. Балақайлар, қарандаршы шеңберге,  
Ертеден-ақ білесіңдер сендер де.  
Көк аспандай әп-әдемі дөңгелек, } 2 рет  
Киіз үйдің шаңырағы ол, демек. }

(шеңбер)



2. Көрдiңдер ме тырналардың қосағын?  
Ұшады олар үшбұрыштап аса бір.  
Қызығамын, көз алдыма тосамын, } 2 рет  
Көрем сонда киіз үйдiң ошағын. }

(үшбұрыш)



3. Таңғажайып төртбұрышқа қарасаң,  
Сонда бәрі небір қызық, тамашаң:  
Мультфильмдер, кино көріп отырам, } 2 рет  
Ол – кәдімгі теледидар, экран. }

(шаршы)






**?!** Өнді үйрену барысында:

- Мазмұнына, әуенін таза айтуға, мәнерлеп орындауға көңіл бөл.
- Өнді қандай формаға жатқызуға болады?

5-тапсырма. Суырыпсалма.

**?!** «Геометриялық пішіндер» (әнін жазған: Ә. Бүшікова, өлеңін жазған: А. Асылбек) өнінің формасына геометриялық пішіндер арқылы суырыпсалма (импровизация) жаса.



**6-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

**?!** Құрастырылған суырыпсалманы сынып алдында орында және бағала.

Өзара бағалау жүргіз.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Сабақта не сәтті шықты?
- Қай тапсырма қиын болды?
- Сабақта нені әлі де жақсарту қажет?



## Музыка және қозғалыс

**1-тапсырма.** Тыңдау және талдау.

**?!** Екінші сыныпта танысқан «Қосалқа» биін есіңе түсір. Бейнетаспадан көр. Бишілердің би қозғалысы мен музыка сүйемелдеуіне көңіл бөл.

- Би нені бейнелейді?
- Музыка мен би қимылдары сәйкес келе ме?
- Бишілер қандай ой-сезімдерді би арқылы көрсетті?

**2-тапсырма.** Ақпарат іздеу.



Музыка және би – адам өмірінің айнасы. Себебі қай халық болмасын, музыка, би арқылы өз өміртіршілігін, арман-тілектерін, түрлі сезімдерін көрсетеді.

Би музыкасыз «өмір сүре алмайды» деген сөздерді жиі естуге болады. Байқасаң, әр халықтың биі қашанда музыкалық сүйемелдеумен орындалады.

Би өнерінің бай тарихы бар. Ғасырлар бойы би дамып келе жатыр. Қарапайым күнделікті биден бастап, оның басқа да түрлері бар. Бұл қандай билер? Билердің атауларын тауып, берілген торкөздерді толтыр.



к										қ	б	
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---	---	--


б				т
---	--	--	--	---

х				қ	б		і
---	--	--	--	---	---	--	---

з							и	б	
---	--	--	--	--	--	--	---	---	--

с							қ	б		л	б		і
---	--	--	--	--	--	--	---	---	--	---	---	--	---

**3-тапсырма.** Ақпарат іздеу, талдау.

 Елімізде би өнері қалай дамыған? Қазақ халық биін, балет пен классикалық биді кімдер жоғары дәрежеге көтерді? Ұлттық би өнерінің дамуына қомақты үлес қосып, басқа елдерге танытқан кімдер? Осы сұрақтарға жауап табайық.

**?! Бейнетаспадағы үзінділерді көріп, атақты қазақ бишісі Шара Жиенқұлова және ұлттық балет өнерін дамытқан белгілі балетмейстер, педагог Болат Аюханов туралы мәліметпен таныс.**



**Шара Баймолдақызы Жиенқұлова (1912–1991)** – биші, педагог, Қазақстанның халық әртісі. Өнер жолын Қазақ драма театрынан бастаған. Қойылған спектакльдерде ойнап, ұлттық билерді биледі. Ұлттық би өнерін дамыту үшін ел аралап, халық әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, халық билерін зерттеп, сахнада қойды.

Керемет биші болғандықтан, халық арасында оны музыкалық-пластикалық өнердің «гауһар тасы» деп атаған.





**Болат Ғазизұлы Аюханов 1938 ж.** Семей қаласында дүниеге келген. Балет бишісі, актёр, педагог, балет-мейстер. Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.



1967 ж. бастап «Алматы жас балеті» ансамблінің іргесін қалаушы әрі жетекшісі. Ансамбль 2003 жылы Мемлекеттік академиялық классикалық би ансамбліне айналған. Ансамбль дүниежүзіне кеңінен танымал болды.



**Шара Жиенқұлова.**  
«Қазақ вальсі».  
1958 ж. Гүлфайруз Ысмайылова.



**Болат Аюханов. 1987 ж.**  
«Айдай сұлу Айсұлу туралы ертегі» фильмінде уәзірдің рөлінде.

**4-тапсырма.** Ақпарат іздеу, суырыпсалма.



**Би билейік!**

*(суырыпсалма ойын)*

**Ойынның шарты.** Оқушылар «Халық биі», «Классикалық би», «Балет», «Заманауи би», «Спорттық



бал биі» деген топтарға бөлінеді. Таңдаған тақырыпқа қатысты бейнетаспаларды көріп, қажетті суреттерді жинақтайды және көрсетілімге дайындалады.

Әр топ өз тобының атына сай биге постер жасайды және шағын музыкалық-сахналық көрініс дайындайды. Суырыпсалма би қимылдарын музыканың сүйемелдеуіне қосып, жасаған жұмыстарын көрсетеді.

**Балет** – сахналық би өнерінің бір түрі.

**Классикалық би** – хореографияның бір түрі, балеттің негізі.

**Заманауи би** – жаңаша түрдегі би қимылдары.

**Халық биі** – әр халықтың салт-дәстүріне, музыкасына негізделген би қимылдары.

**Спорттық бал биі** – жұптық би. Бұл биде спортпен биді біріктіріп, бишілер вальс, танго, фокстрот, румба және т.б. билер арқылы би билеу шеберлігін көрсетеді.

**Хореография** – би шығару өнері.

**Постер** – жарнамаға арналған көркем плакат. Ағылшын тілінде «афиша», «хабарландыру» деген сөзді білдіреді.

**5-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

**?! Суырыпсалма түрінде дайындаған жұмысыңды (постер, би) сынып алдында көрсет. Өз жұмысын және өзгелердің жұмыстарын бағалау.**

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Сабақта не сәтті шықты?
- Қай тапсырма қиын болды?
- Сабақта нені өлі де жақсарту қажет?


**БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР**
**I. Тапсырмаларды орында**
**1. Сұрақтардың дұрыс жауабын тап.**

	<b>Сұрақ</b>	<b>Жауап</b>	
1.	«Желсіз түнде жарық ай» өнінің авторы кім?	1	А. Құнанбайұлы
		2	Ақан сері
		3	И. Нүсіпбаев
2.	«Весенний ливень» музыкалық шығармасының авторы кім?	1	С. Бөйтереков
		2	А. Исакова
		3	Б. Аманжолов
3.	«Өнерлі бала» өнін қай композитор жазды?	1	Ө. Байділдаев
		2	Б. Байқадамов
		3	Ө. Бүшікова
4.	«Қараторғай» өнін кім жазды?	1	Абай
		2	Ақан сері
		3	Ыбырай
5.	«Мүсіндер мұражайында» шығармасының авторы кім?	1	Ө. Бүшікова
		2	С. Кибилова
		3	Г. Абдрашева
6.	Болат Аюханов елімізде қандай атаққа ие болған?	1	Ресей балетмейстері
		2	Қазақстандағы атақты балетмейстер
		3	Халық әншісі
7.	Шара Жиенқұлова қандай өнер арқылы халыққа танымал болды?	1	Сурет өнері
		2	Би өнері
		3	Ән өнері

2. «Желсіз түнде жарық ай» өнінің екінші шумағындағы көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптеріңе жаз.

Қалың ағаш ...

... өзді-өзі.

Көрінбей ... топырағы,

... жасыл жер жүзі.

# АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР



Ат шабысына қарай шабады,  
Ер намысына қарай шабады.  
(Мақал)

**Бөлімнен:**

- атақты Біржан сал, Ақан серінің өмірімен танысып, өндерін орындауды;
- Құрманғазы, Махамбет күйлерінен үзінділер орындауды;
- А. Жұбановтың шығармаларын талдауды;
- лирикалық, батырлық музыканы ажыратуды;
- ұлы тұлғалар шығармаларына таныстырылым (презентация) жасауды

үйренесің.

**Музыкалық сауат:**

- сал, сері;
- лирикалық музыка;
- батырлық музыка;
- партитура;
- халық аспаптар оркестрі;
- канон;
- импровизация.

**Терминдер мен ұғымдар:**

- батырлық музыка – героическая музыка – heroic music;
- лирикалық музыка – лирическая музыка – lyrical music;
- партитура – партитура – score;
- калейдоскоп – калейдоскоп – kaleidoscope;
- канон – канон – canon;
- импровизация – импровизация – improvisation.



## Ұлы Дала сал-серілері

### Біржан сал

1-тапсырма. Талқылау.



- ?! • Суретке қарап, басқа да атақты әнші, сал-серілерді, ақындарды, күйшілерді, композиторларды ата.
- Олардың атақты адамдар болуына қандай қасиеттері әсер етті? (Мысалы: өнерге қызығуы, еңбекқорлығы ...)
- Өзің неге қызығасың? Қалай атақты болуға болады: жақсы оқу, мақсат қою, ұлы адамдарға еліктеу арқылы және т.б.?

2-тапсырма. Ақпарат іздеу.



**Біржан сал Қожағұлұлы (1834–1897)** – әнші ғана емес, ақын және композитор. Көкшетау өлкесінде дүниеге келген. Оның «Айтбай», «Ләйлім шырақ», «Теміртас», «Он саусақ» әндері халық арасына кеңінен таралған.

- ?! Қазақ даласында өзінің әншілік өнерімен сал-сері атанған атақты тұлғалардың бірі – Біржан сал.
- Бейнетаспадағы Біржан салдың өміріне арналған фильмнен үзінді көр.
  - Біржан бейнесіне мінездеме бер. Мына сөздерді қолдануға болады: дауысы жоғары, тік мінезді, батыл, халық құрметіне бөленген.



Біржанның өнерін қадірлеген халық оны «Біржан сал» деп атаған. *Сал* – жан-жақты өнерлі адам (ақын, әнші, композитор, суырыпсалма т.б.). Оның әндері асқақ, биік, төгіліп орындалады.

**3-тапсырма.** Тыңдау және талдау.



### Он саусақ

*Біржан сал*

Домбырам күйге келер бұрауменен,  
Келмейді сөз жүйесі құрауменен.  
Гүлденген бәйшешектей қайран жастық,  
Келмейді, а-хау, қайта айналып сұрауменен.

*Қайырмасы:*

Он саусағым бір баспай,  
Жүрмін қалай жер баспай.  
Жиын-тойдың ішінде  
Ән саламын осылай.

- ?! •** Әннің сөзі мен орындалуына назар аудар.
- «Гүлденген бәйшешектей қайран жастық», «Келмейді қайта айналып сұрауменен» деген өлең жолдарының мағынасын түсіндір.
- Әннің шумағы мен қайырмасының орындалуында қандай ерекшеліктер бар?

**4-тапсырма.** Орындау.




### Он саусақ

*(ән қайырмасы)*

*Біржан сал*

Он саусағым бір баспай,  
Жүрмін қалай жер баспай?  
Жиын-тойдың ішінде  
Ән саламын осылай,  
ай, ги-ги-гай, ги-ги-гай.



- ?! • Өн қайырмасын бірте-бірте тездете орында.
- Ұрмалы музыкалық аспаптармен сүйемелде.

5-тапсырма. Зерттеу.

«Он саусағым бір баспай» өнінен үзінді



- ?! • Біржанның «Он саусақ» өнінің қайырмасын нотаға қарап орында.
- Өннің өлшемін анықта.
- Өндегі ноталар ұзақтығын ажырат.
- 2 өлшеміне дирижёрлеп, өнді орында.
- 4

6-тапсырма. Таныстыру және бағалау.

- ?! • Өз орындауыңды таныстыр және сыныптастарыңмен бірге бағала.



## Ұлы Дала сал-серілері

### Ақан сері

1-тапсырма. Зерттеу.



Ақан сері Қорамсаұлы (1843–1913) – өнші, ақын, композитор. Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Өншінің «Маңмаңгер», «Қараторғай», «Балқадиша» әндері бүкіл қазақ халқына танымал. «Балқадиша» өні әлемге өйгілі.

Біржанды «сал» деп атаса, Ақанды «сері» деп атаған. Серінің бойында да сал сияқты бірнеше өнер түрі бар. Серілер – сырбаз, жақсы мен жаманды





саралап, сезімін биязы жеткізетін нәзік жандар. Салсерілік дәстүрді жан-тәнімен жақсы көрген Ақан сері жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы баптаған.

**2-тапсырма.** Тыңдау және талдау.



### Маңмаңгер

*Ақан сері*




Маңмаңгер, кекілің келте, жалың майда,  
Байлаған сені сылап қалқатай-ды.  
Жүрісің желмаядай жануарым,  
Көрейін қызығыңды осындайда.

*Қайырмасы:*

Ахау, туған елім,  
Балаң едім.  
Өзіңе осынау әнді ала келдім.

- ?! Ақан серінің «Маңмаңгер» әнін бейнетаспадан тыңда.**
- Суретке және бейнетаспаға қарай отырып, ән мазмұны туралы пікіріңді ортаға сал.
  - «Маңмаңгер, кекілің келте, жалың майда» сөздерінің мазмұнын қалай түсінесің?
  - Ақан сері жылқы сұлулығын, туған ауылына деген сағынышын қандай әуен арқылы жеткізген (жігерлі, баяу, жылдам, көңілді, лирикалық)?



Ақанның өндерін көбіне лирикалық өндер қатарына жатқызады. **Лирикалық өн** адамның ішкі сезімі мен толғанысын білдіреді. «Маңмаңгер» – өншінің тұлпарына деген сүйіспеншілігін білдіретін лирикалық өн.

**3-тапсырма. Талқылау.**



**?!** • Суретке қарап, Ақан серіні қалай сипаттар едің?

**4-тапсырма. Өнді орындау.**

**?!** Ақан серінің «Маңмаңгер» өнін орында.

- Өннің сөздерін анықтап айт.
- Өуенін баяу екпінде көркемдеп орында.

**5-тапсырма. Суырыпсалма.**

**«Маңмаңгер» өнінен үзінді**

Mañ - mañ - гер, ке - кі - лің кел - те, Бай - ла - ган.

Mañ - mañ - гер, ке - кі - лің кел - те, Бай - ла - ган.

- ?!**
- Өнді екі топқа бөлініп, канон түрінде орында.
  - Өлшем ерекшеліктеріне назар аудар.
  - Паузаны сақта.
  - Өнді мұғалімнің көмегімен орында.



«Канон» грек тілінен аударғанда *ереже, ұлгі* деген мағынаны білдіреді. Музыкадағы **канон** дегеніміз – көп дауысты музыканың түрі. Мұнда бірінші дауыстағы әуенді екінші дауыс кезектесе қайталайды.

**6-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

**?!** • «Маңмаңгер» әніне канон түрінде орындаған үзіндіні бағала.



## Жалынды ақын-күйшілер

**1-тапсырма.** Музыканы тыңдау және талдау.



**Адай**

*Құрманғазының күйі*



**Жұмыр-Қылыш**

*Махамбеттің күйі*





**?! Кұрманғазының «Адай» күйін тыңда. Тыңдаған күйіңді қалай сипаттар едің (лирикалық, батырлық, мұңды, көңілді, жігерлі)?**

- Махамбет ақынның «Жұмыр-Қылыш» күйін тыңда. Күй сенде қандай сезім тудырды?
- Тыңдаған күйлерің бойынша қай суретті таңдайсың және қандай атау қояр едің?
- Кұрманғазы мен Махамбет күйлеріне арқау болған ортақ тақырыпты ата (шайқас алды, шайқас, жекпе-жек).

**2-тапсырма. Ақпарат іздеу.**

**Махамбет Өтемісұлы (1803–1846)** – қазақтың әйгілі ақыны, күйші, композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836–1837) ұйымдастырушылардың бірі. Атырау облысында дүниеге келген. Махамбеттің жалынды жырларымен бірге «Жұмыр-Қылыш», «Қайран Нарын», «Өкініш» күйлері ел ішіне кең таралған.



**Кұрманғазы Сағырбайұлы (1823–1889)** – күй атасы. Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Өлемге әйгілі «Адай», «Сарыарқа» күйлерімен қатар, Исатай- Махамбет көтерілісіне арналған «Кісен ашқан», «Кішкентай» күйлері бар.

Кұрманғазы ұлы күйші болса, Махамбет – атақты ақын, шебер күйші, батыр. Екі атақты тұлғаның шығармалары күрес-тартыс үстінде туған. Егер Кұрманғазы «Адай» күйінде халықтың жігерін көрсетсе, Махамбет ақын Жұмыр мен Қылыш деген батырлардың ерлігін күй арқылы жеткізген.

Екі күйші де батырлық туралы күйлер шығарған.




**3-тапсырма.** Орындау.

- ?! •** Екі топқа бөлініп, «Адай», «Жұмыр-Қылыш» күйлерінің әуендерін нотаға қарап, *ля* буынымен орындаңдар.

«Адай» күйінен үзінді



«Жұмыр-Қылыш» күйінен үзінді



- Әр топ өзі таңдаған күй үзінділерін орындаушыларына ырғақтық сүйемел жасайды.

**4-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.

- Таныстыру барысында әр топ бірін-бірі жігерлендіру мақсатында орындайтын күй үзінділерінің ырғағын алақанымен соғып орындайды.



## Қазақ оркестрін тұңғыш ұйымдастырушы – Ахмет Жұбанов

**1-тапсырма.** Әңгімелесу.

**Ахмет Қуанұлы Жұбанов (1906–1968)** – композитор, дирижёр, қазақ музыкасын зерттеуші, көрнекті ғалым. Ақтөбе облысында дүниеге келген. Алғашқы қазақ оркестрін ұйымдастырушы, дирижёр. Оның «Би күйі» мен «Қарлығаш», «Ақ көгершін» әндері елімізге кеңінен танымал.



- ?! •** А. Жұбанов жөнінде ақпараттар іздеп, толықтыр.



2-тапсырма. Музыка тыңдау.



## Би күйі

*Музыкасын жазған: А. Жұбанов*

- ?! А. Жұбановтың «Би күйін» оркестрдің орындауында тыңда.
- Күйден қандай әсер алдың?
  - Күйді әуендетіп орындауға бола ма?

3-тапсырма. Зерттеу және орындау.

**Оркестр** – орындаудың ұжымдық түрі. Музыкалық шығарма әуенінің ноталары әр аспапқа арнайы жазылады. Оны «партитура» деп атайды. Партитура арқылы бір мезгілде барлық аспаптарда орындалып жатқан дыбысты қадағалауға болады.

- ?! «Би күйінің» әуенін нотаға қарап орында.



- ?! • Берілген әуенді ырғақтық партитураға лайықта.  
• Әуенді бір топ орындайды, екінші топ ұрмалы музыкалық аспаптарды қолданып, ырғақтық сүйемел жасайды.

4-тапсырма. Ән орындау.



## Ақ көгершін

*Өлеңін жазған: Н. Баймұхамедов      Әнін жазған: А. Жұбанов*

Ақ көгершін, көгершін,  
Қолғанат құс сен едің.  
Бар, кезіп қайт, ел үшін  
Кең дүниенің көлемін.  
Әділеттің құсы деп,  
Көз алмастан жолыңнан.  
Бақыт болып қоншы деп,  
Ұшырамын қолымнан.



### Қайырмасы:

Ел тілегін алып үш  
Адамзаттың бағына.  
Қара бұлтты жарып үш  
Мұхиттың арғы жағына.



Көгершін – дүниежүзінің кейбір халықтары үшін бейбітшіліктің белгісі.



- Өннің сөзіне, мағынасына зейін қой.
- Асықпай, орташа екпінде орында.



26-сабақ

### Музыкалық калейдоскоп

**1-тапсырма.** Ақпарат іздеу.



- Калейдоскоп ойыншығын есіңе түсір.
- Музыкалық калейдоскоп құруға бола ма?

**2-тапсырма.** Таныстыру.



### Атақты тұлғалар

(музыкалық калейдоскоп)



Үш топқа бөлініңдер: «Ақан сері», «Құрманғазы», «А. Жұбанов».

*Қойылатын талаптары:*

- Өр топ өзі таңдаған атақты тұлғалары жөнінде қысқаша таныстырылым жасайды.
- Берілген композитор шығармаларынан үзінділер орында және таныстыр:
  - Ақан серінің «Маңмаңгер» әнінен үзіндіні канонмен орында.
  - Құрманғазының «Адай», Махамбеттің «Жұмыр-Қылыш» күйлерінен үзіндіні *ля* буынымен орында.
  - Ахмет Жұбановтың «Ақ көгершін» әнін өлең түрінде мәнерлеп оқы.



3-тапсырма. Орындау.

- ?! • Сен құрастыратын музыкалық калейдоскоп өткен сабақтарда танысқан атақты тұлғалармен байланысты.



### Музыкалық калейдоскоп

(ойын)

Оқулықта атақты тұлғалар – Ақан сері мен Ахмет Жұбановқа, олардың шығармаларына қатысты бейнелі суреттер берілген.

**Ойынның шарты:** Екі топқа бөлініп, әр композиторға берілген сурет бөліктерінен музыкалық калейдоскоп құрастыр.



4-тапсырма. Бағалау.

- Әр топ өз таныстырылымын бағалайды.





**БІЛІМДІ ТЕКСЕР**



**I. Тапсырмаларды орында**

1. Сал, серілік өнерге сипаттама бер.
2. Неге композитор А. Жұбановты «қазақ оркестрін тұңғыш ұйымдастырушы» деп атайды?

**II. Тест сұрақтары**

- 1) Махамбеттің күйі.
 

А. «Адай»	D. «Балбырауын»
В. «Жұмыр-Қылыш»	Е. «Би күйі»
С. «Көрұғлы»	
- 2) Ақан серінің өні.
 

А. «Ақ көгершін»	D. «Маңмаңгер»
В. «Он саусақ»	Е. «Мөңгілік ел жастары»
С. «Елім-ай»	
- 3) Ноталық үзінді берілген музыкалық шығарма.




- |                          |                              |
|--------------------------|------------------------------|
| А. «Мөңгілік ел жастары» | D. «Би» күйі                 |
| В. «Жұмыр-Қылыш» күйі    | Е. «Мөңгілік ел жастары» өні |
| С. «Ақ көгершін» өні     |                              |


**III. Сөзжұмбақты шеш**

Сөзжұмбақты дұрыс шешсең, қазақтың сал-серісі – Біржан-ның есімі шығады.

1. Жалынды ақын.
2. Көне аспап.
3. Күй атасы.
4. Халық оркестрін ұйымдастырған композитор.
5. Ақан серінің өні.
6. Көп дауысты музыканың түрі.



# СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



Су – ырыс көзі,  
Еңбек – кіріс көзі.

*(Мақал)*

**Бөлімнен:**

- өртүрлі көңіл күйдегі музыка мен судың түрлі күйлерінің байланысын тауып талқылауды;
- тыңдалған музыкалық шығармалар мен әндердің сипатын, мазмұнын, көркемдеуіш құралдарын анықтау және салыстыруды;
- музыкалық көркемдеуіш құралдарды (көңіл күй, екпін) ажыратуды және қолдануды;
- қазақтың ұрмалы музыкалық (асатаяқ, қоңырау және үшбұрыш) аспаптарының дыбыс бояуын, ойнау тәсілін ажыратуды;
- концерт және оның түрлерін ажыратуды, концерт ұйымдастыруды, афиша мен репертуарды дайындауды **үйренесің.**

**Музыкалық сауат:**

- үшбұрыш, асатаяқ, қоңырау аспаптары;
- музыкалық көркемдеуіш құралдар – көңіл күй, екпін;
- музыкалық бейне;
- бағдарламалық музыка;
- симфониялық поэма;
- композитор, пианист, дирижёр;
- концерт;
- афиша;
- концерт бағдарламасы.

**Терминдер мен ұғымдар:**

- музыкалық бейне – музыкальный образ – musical image;
- асатаяқ – асатаяк – asatayak;
- қоңырау – колокольчик – bell;
- көңіл күй – настроение – mood;
- екпін – темп – pace;
- концерт бағдарламасы – программа концерта – concert program;
- афиша – афиша – poster.



## Су әуені

**1-тапсырма.** Әңгімелеу. Тыңдау. Талдау.

**?!** «Дүниетану» пәнінен суға байланысты мәліметтерді есіңе түсір:

- Су деген не?
- Судың адамға қандай пайдасы бар?
- Судың әуені бола ма? Суреттерге қарап, бейнетаспаны көр, тыңда, талда, пікіріңді айт.



**2-тапсырма.** Талдау.

- ?!**
- Судың қандай табиғи күйлерін білесің? Оларды ата.
  - Судың бір күйден басқа күйге өзгеруі үшін қандай жағдай болу керек? Неліктен?
  - Судың қай күйінде дыбыс шығады деп ойлайсың? Ол қандай дыбыс шығаруы мүмкін?

**3-тапсырма.** Зерттеу.

- ?!** Судың түрлі күйлерін қандай музыкалық аспаптармен бейнелеуге болады?





4-тапсырма. Тыңдау және талдау.



### Көңілді бұлақтың әні

Музыкасын жазған: Г. Абдрашева



**?!** Г. Абдрашеваның «Көңілді бұлақтың әні» музыкасын мұқият тыңда.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Музыка қандай көңіл күйде орындалды?
- Музыкада әуеннің екпіні қалай өзгереді?
- Музыканы тыңдау барысында көз алдыңа не елестеттің?

5-тапсырма. Орындау.



### Ақбұлақ

Әні мен өлеңін жазған: Б. Тәжібаев

Күндіз-түні бір тынбай,  
 Дала кезген шапқылап.  
 Құмар едім өзіңе  
 Бала кезден, Ақбұлақ.  
 Өнге бөлеп маңайды  
 Асып-тасып жатасың.  
 Ақ моншақтан аспанға  
 Шашу шашып жатасың.



### Қайырмасы:

Сенің келіп жағаңнан  
Анам талай су алған.  
Сенің келіп жағаңнан  
Әкем атын суарған.  
Айналайын Ақбұлақ,  
Асыр салғам жағаңда.  
Сенен артық өлкені  
Бұл әлемнен табам ба!

**?! 2-сыныпта үйренген ақын, композитор Б. Тәжібаевтың «Ақ-бұлақ» өнін есіңе түсір.**

- Автор өз өнінде не туралы әңгімелейді? Мазмұнын сыныптастарыңмен бірге талда.
- Өнді талап бойынша мәнерлеп, әдемі орында.

**6-тапсырма.** Музыка шығару.

**?! Ұрмалы, музыкалық-шулы аспаптар мен дауысты қолдана отырып, судың түрлі күйін бейнелейтін өуен құрастыр.**

**7-тапсырма.** Орындау. Бағалау.

**?! Өз композицияңды орында және бағала.**  
*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Сабақта не сәтті шықты?
- Қай тапсырма қиын болды?
- Сабақта нені өлі де жақсарту қажет?



### 28-сабақ **Өзеннің көркем нақыштары**

**1-тапсырма.** Тыңдау, талдау және орындау.



### Еділ мен Жайық

*Өлеңін жазған: Ж. Молдағалиев*

*Әнін жазған: І. Жақанов*

Құлпырады дала, гүлдейді орман,  
Емізеді егіз Еділ мен Жайық.  
Ақ шағала айдын, ақталған арман,  
Тербеледі кеме, ойнайды қайық.



*Қайырмасы:*

А-а-а!  
Ағады шалқып,  
Аққулары қалқып,  
Еділ мен Жайық!

**?!** Бейнетаспадан «Еділ мен Жайық» өнін тыңда, мазмұнын сыныптастарыңмен бірге талда.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Өнде не туралы айтылады? Неге Еділ мен Жайықты егіз өзендер деп атайды?
- Өуеннің сипаты қандай?
- Өн қандай көңіл күйді білдіреді?
- Өнді талап бойынша үйрен, мәнерлеп өдемі орында.

**2-тапсырма.** Тыңдау және талдау.



**Влтава**

*(симфониялық поэмасынан үзінді)*

*Музыкасын жазған: Б. Сметана*



Бедржих Сметана (1824–1884) – атақты чех композиторы, дирижёр. Ол – Чехияның ұлттық композиторлар мектебінің негізін қалаушы.

Өз шығармаларында ең алғаш рет чех халқының өмірін сипаттаған және халық өуендерін пайдаланған.



Композитордың «Моя Родина» симфониялық поэмалар цикліндегі «Влтава» симфониялық поэмасы Чехияның бейресми ұлттық гимні болып саналады.

Композитор шығармасын Чехия еліндегі ең әдемі өзендердің бірі – Влтаваға арнаған. «Влтава» симфониялық поэмасы **бағдарламалық музыкаға** жатады.

**?! Б.** Сметананың «Влтава» симфониялық поэмасын бейнетаспадан тыңда және оқушылармен бірге талқыла.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Композитор шығармасында қандай өзенді суреттеген?
- Шығарманы тыңдағанда көз алдыңа нені елестеттің?
- Шығармадағы өзеннің музыкалық бейнесі қалай әсер етеді?
- Бағдарламалық музыка дегенді қалай түсінесің? Г. Свиридовтың «Время, вперед!» бағдарламалық шығармасын есіңе түсір.

**Бағдарламалық музыка** – таза аспаптық немесе оркестрлік музыкалық шығарманың түрі. Оның мазмұны композитордың берген атауы немесе шағын поэтикалық мәтін арқылы ашылады.

**Музыкалық бейне** – музыкалық дыбыстар арқылы көркемдік бейнені сипаттау тәсілі.

**Симфониялық поэма** – симфониялық музыканың жанры және бағдарламалық музыка. Оның мазмұнында әдебиет, сурет, тарих және табиғат көріністері бейнеленеді.

**3-тапсырма.** Суырыпсалма.



### Су туралы

*(шығармашылық ойын)*

**Ойынның шарты.** Оқушылар үш топқа бөлінеді. Ойынның мақсаты – қазақ халқының су туралы мақал-мәтелдеріне қысқа бір жолды әуен шығару. Әр топ





қалауы бойынша бір мәтелге 1 жол әуен құрастырады және дауысты, шулы, ұрмалы аспаптарды немесе қажетті заттарды пайдаланады. Су қозғалысын, дыбысын суреттейтін әуен шығарып, топтарда орындайды.

Оқушыларға мына мақалдар ұсынылады.

1. Су – ырыс көзі,  
Еңбек – кіріс көзі.
2. Су жүрген жер – береке,  
Ел жүрген жер – мереке.
3. Таулы жер бұлақсыз болмас,  
Сулы жер құрақсыз болмас.

**4-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.


**?!** Әр топ өз жұмысын таныстырады, бағалайды.  
*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Сабақта не сәтті шықты?
- Қай тапсырма қиын болды?
- Сабақта нені өлі де жақсарту қажет?



## Айдынды шалқар Аралым!

**1-тапсырма.** Зерттеу. Талқылау.

 Қазір туған жерімізде су мәселесі жылдан-жылға қиындап келе жатыр. Су – табиғаттың керемет байлығы. Ол жанды табиғатқа, адамның өміріне, оның барлық тіршілігіне ауадай қажет.

**?!** Сыныбыңмен бірге бейнетаспадағы су мәселесіне қатысты материалды көр. Пікіріңмен бөліс.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Су қала мен ауылдың өмірінде қандай рөл атқарады?
- Қазақстанда суға қатысты қандай өзекті мәселелер бар?

**2-тапсырма.** Тыңдау және талдау.

**?!** Шығарма үзіндісін тыңда.



## Арал тағдыры (үзінді)

Қ. Сайжанның күйі



**?!** Шығарма атауына көңіл бөл. Композитор қандай мәселені көтеріп отыр?

- Музыканың орындалу нақышы қандай? Қандай көңіл күйді білдіреді?
- Күйді тыңдау барысында көз алдыңа қандай көріністер елестейді?
- Күйді бағдарламалық музыкаға жатқызуға бола ма? Түсінігіңді айтып бер.

**3-тапсырма.** Тыңдау, үйрену, орындау.



## Аралдан ұшқан аққулар

Өлеңін жазған: Ш. Сариев

Әнін жазған: С. Бәйтереков

1. Құстардың қайда базары,  
Тарқаған түсіп ажары.  
Жаралы жүрек жандардай,  
Төмендеп теңіз назары.

Бұлттардай жүзген ақ ала,  
Жападан-жалғыз шағала.



Қоштасқан қайран Аралмен,  
Қайғылы-мұңды жағада.

2. Жыл сайын көктем жетеді,  
Сені іздеп құстың мекені.  
Ұясыз қалған аққулар  
Қона алмай ұшып өтеді.

Айдынды шалқар Аралым,  
Балалық шағым, жанарым.  
Айдында жүзген құсың ем,  
Алыстап кетіп барамын.

*Қайырмасы:*

Қия алмай қанат қағады,  
Қона алмай ұшып барады,  
Мөлдіреп құстар жанары, Аралым.  
Ең алғаш сенде көріп ем,  
Аққуды теңіз көгінен,  
Толмайтын орны – Өмір ең, Аралым.

**?!** «Аралым» өні жазылған бейнетаспаны көр. Өншінің орындауына көңіл бөл. Қандай көңіл күйде орындайды?

- Өнді үйренгенде өуенін таза, өлең жолдарын түсінікті айт.
- Өнді мәнерлеп орында.



4-тапсырма. Шығармашылық.



## Аралым

(виртуалды ойын)

**Ойынның шарты.** Оқушылар «Термешілер», «Әншілер», «Күйшілер» деген үш топқа бөлініп, Арал мәселесін көтеріп жатқан ғаламтор желісінен, бейнежазбалардан музыкалық шығармалар мен әндерді іздейді. «Термешілер» тобы терме түрінде орындалатын туындыларды зерттейді. «Әншілер» тобы әндердің мазмұнын талдайды. «Күйшілер» тобы күйлерді қарастырады.

Ойынның аяғында әр топ сынып алдында жұмысын көрсетеді, қорғайды, түсінік береді және таңдаған музыканың негізгі әуенін орындайды.

5-тапсырма. Орындау. Бағалау.



Өз композицияңды орында және бағала.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Сабақта не сәтті шықты?
- Қай тапсырма қиын болды?
- Сабақта нені әлі де жақсарту қажет?




## Су – ырыс көзі

1-тапсырма. Тыңдау, ақпарат іздеу, талдау.





 «Су – жердегі ең басты тіршілік көзі. Тірі жандылардың барлығы сусыз өмір сүре алмайды. Су туралы, оның адам өміріндегі алатын орны жөнінде не білдік? Не ұғындық және не үйрендік? Музыка өзінің көркемдеуіш құралдарымен су бейнесі мен сипатын аша алатынын сезіне білдік пе?»

«Су – ырыс көзі» сабағы судың тіршіліктің негізгі көзі екендігін музыка тілімен жеткізе алуға болатынын дәлелдейді.

Оны біз суырыпсалма концерт түрінде өткіземіз. Өзіміздің өнерімізді, қиял мен шығармашылығымызды көрсетіп, музыкалық білім мен іскерліктерімізді тексерейік. Ал ол үшін алдымен концерт дегеніміз не және оны қалай ұйымдастыруға болатынын анықтаудан бастаймыз».

**?! Сұрақтарға жауап бер.**

- Концерт дегеніміз не?
- Концертте болып көрдің бе?
- Концерттің қандай түрлерін білесің?

**Концерт** – алдын ала арнайы құрастырылған бағдарлама бойынша музыкалық, хореографиялық, әдеби, сахналық шығармаларды көпшілік алдында орындау әрекеті.

**Концерттің түрлері** – халық музыкасының концертті, классикалық музыка концертті, эстрадалық концерт және т.б.

**?! •** Ғаламтор желісі, болмаса фонохрестоматия бейнетаспасынан үлгі ретінде концерт түрлеріне байланысты мына үзінділерді қара және талда:

1. «Симфониялық және халық аспаптар оркестрлері айтысы».
2. Ш. Қалдаяқовтың «Ақ ерке – Ақжайық» әні эстрадалық-симфониялық оркестрдің сүйемелдеуінде.



3. «Сырдария жағалауы» өні.

4. «Цыплята», «Сюрприз» үлгілік балалар эстрадалық-спорт ансамблінің орындауында.

### Концерттің түрлері



Симфониялық оркестр концертінен көрініс



Ұлт аспаптар оркестрінің концертінен көрініс



Наурыз мерекесіне арналған оқушылар концертінен көрініс



«Дос-Мұқасан» тобының концертінен көрініс

### Концертті ұйымдастыру және жүргізу талаптары:

1. Концерттің тақырыбын (өткізу формасын) анықтау.
2. Концерттің өткізу күнін, уақытын және өткізетін орнын белгілеу.
3. Концерттің бағдарламасын немесе сценарийін құрастыру.
4. Концерт нөмірлерін қарап шығу және таңдап алу.



5. Жүргізушінің сөйлейтін сөзін ойластыру және жүргізушілерді дайындау.
6. Шақыру билетін дайындау және тарату.
7. Жарнамаларды дайындау және іліп қою.
8. Концерттің дайындығын ұйымдастыру.
9. Концертті ұйымдастыру және өткізу.

**2-тапсырма. Зерттеу.**

**?! Концертте көпшілік алдында алдын ала арнайы дайындалған түрлі нөмірлердің орындалуын зерттеу.**

- Концертті қалай ұйымдастыруға болады? Ол үшін не қажет?
- Концерттің жарнамасы мен бағдарламасы қалай жасалады?
- Концертке кім қатыса алады?

**Жарнамалар үлгісі**





- ?! Берілген жарнамалардың алты түрлі үлгісін талда. Пікірлеріңмен бөлісіңдер.
- Жарнамалардың сыртқы пішіні, безендірілуі, мазмұны бір-біріне ұқсай ма?
  - Ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, түсінік бер.

**Жарнама (афиша)** – концерт, спектакль, лекция өткізу туралы хабарландыру. Жарнамада мына ақпарат болу керек: концерттің атауы, күні, уақыты, концерт өтетін жері, мекенжайы мен телефоны, жету жолы және концерт туралы қысқаша мәлімет.

**Концерт бағдарламасы** – жұрт алдында орындалатын шығармалар тізімі.

3-тапсырма. Құрастыру.

### Концерт бағдарламасын құрастыру талаптары:

1. Концерттің басы мен аяғы көпшілікпен орындалатын көркем нөмірмен басталып, аяқталуы қажет.
2. Егер концерт әртүрлі жанр мен стильдегі нөмірлерден тұратын болса, онда басында классикалық шы-





фармалардан бастап, біртіндеп заманауи эстрадалық музыкаға көшуге болады. Қатарынан бір типтік нөмірлерді (мысалы, бір нақышта орындалатын әндер) қоюға болмайды. Қатты дыбыста сүйемелденетін, көпшілікпен орындалатын нөмірден кейін, бір адам орындайтын нөмірді қоюға болмайды. Оның орнына, мысалы, ансамбльмен (квартет, трио) орындалатын нөмір қойылады.

3. Концерттің басында кіші жастағы балалар, ал аяғында ересек оқушылар шығады.



### «Су – ырыс көзі» концерті (суырыпсалма ойын)

**Ойынның шарты.** Сынып төрт топқа бөлінеді: «Классикалық музыка», «Халық музыкасы», «Балалар музыкасы», «Эстрадалық музыка». Әр топ жарнама мен концерт бағдарламасын дайындайды.

Бірінші топ концерт мазмұнын – классикалық музыка, екінші топ – халық музыкасы, үшінші топ – балаларға арналған концерт, төртінші топ эстрадалық музыка бағытында жасайды.

Оқушылар өткен тақырыптар бойынша және аталған тақырыпта үйренген әндер мен тыңдаған шығармаларды, тақпақ-өлеңдерді және т.б. естеріне түсіріп, концерттік бағдарлама құрастырады. Концерт мазмұнына басқа пәндерде өткен өлең-тақпақтарды, қызықты әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, ғаламтор желісінің материалдарын да енгізуге болады.

**4-тапсырма.** Таныстыру және бағалау.



Өз композицияңды көрсет және бағала.

*Мына сұрақтарға жауап бер:*

- Сабақта не сәтті шықты?
- Қай тапсырма қиын болды?
- Сабақта нені өлі де жақсарту қажет?


**БІЛІМІНДІ ТЕҚСЕР**

**I. Тапсырмаларды орында**

1. Сұрақтардың дұрыс жауабын тап.

<b>Сұрақ</b>		<b>Жауап</b>	
1.	Суды қалай сипаттауға болады?	1	Сұйық, дәмсіз, иісі жоқ табиғи зат
		2	Ішуге болмайтын сұйық табиғи зат
		3	Иісі жұпар, әдемі, жылтыр
2.	Үшбұрыш дегеніміз не?	1	Ойынның бір түрі
		2	Терезені құрастыратын зат
		3	Үшбұрыш сияқты, темірден жасалған музыкалық аспап
3.	Асатаяқ қандай аспап?	1	Сыбызғы сияқты үрлейтін музыкалық аспап
		2	Сілкіп ойнайтын музыкалық аспап
		3	Кіші жастағы балалардың ойыншығы
4.	Қоңырау қандай аспап?	1	Гүлді өсіретін аспап
		2	Балалар ойыншығы
		3	Темірден (күмістен) жасалынған ұрмалы аспап
5.	Композитор дегеніміз кім?	1	Музыкалық шығармалардың авторы
		2	Оркестрде ойнайтын маман
		3	Өлең жазатын ақын



6.	Дирижёр дегеніміз кім?	1	Хор партияларын орындайтын маман
		2	Музыкалық шығармаларды орындайтын орындаушылар тобын басқаратын жетекші
		3	Концерт ұйымдастыратын маман
7	Репертуар дегенді сен қалай түсінесің?	1	Театр, концертте орындалатын шығармалардың жиынтығы
		2	Ноталар жиынтығының тізімі
		3	Кітапханада берілетін шығармалар тізімі

2. «Ақбұлақ» әнінің қайырмасындағы көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптеріңе көшіріп жаз.

Сенің келіп ...  
 Анам талай су ... .  
 Сенің келіп ...  
 ... атын суарған.  
 ... Ақбұлақ,  
 Асыр салғам ... .  
 ... артық өлкені  
 Бұл ... табам ба!

3. «Аралдан ұшқан аққулар» әнінің екінші қайырмасындағы көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, дәптеріңе көшіріп жаз.

Қия алмай қанат ... ,  
 Қона алмай ... барады,  
 ... құстар жанары, Аралым.  
 Ең алғаш сені ... ем,  
 Аққуды теңіз ... ,  
 ... орны – Өмір ең, Аралым.

# ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ!



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ  
**1 Мамыр** БІРЛІГІ КҮНІ



**9 МАМЫР –  
ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ!**



**7 МАМЫР –  
ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ!**

# ДЕМАЛЫС-МӘДЕНИЕТІ.

## МЕРЕКЕЛЕР



### Бөлімнен:

- мереке туралы ұғымдарыңды кеңейтіп, оларды ажыратуды;
- отбасылық, ұлттық, мемлекеттік, халықаралық деңгейдегі мерекелерді талқылауды;
- мерекелік салтанатты шерулерге байланысты (7 мамыр, 9 мамыр) марш жанрын;
- үрлемелі оркестр мен әскери оркестр құрылымын салыстыруды;
- балалар мерекесіне байланысты әндерді таңдауды, музыкалық ойын мен сахналық қойылымдар ұйымдастыруды

**үйренесің.**

### Музыкалық сауат:

- марш (музыкалық жанр);
- әскери марш;
- үрлемелі аспаптар;
- үрлемелі мыс аспаптар;
- үрлемелі ағаш аспаптар;
- әскери оркестр.

### Терминдер мен ұғымдар:

- мереке – праздник – holiday;
- марш – march – march;
- шеру – парад – parade;
- әскери оркестр – военный оркестр – military orchestra;
- сарбаз – солдат – soldier;
- жеңіс – победа – victory.



## Мерекелік қуаныш

1-тапсырма. Әңгімелеу.



- ?! • Суретте қандай мереке көрсетілген?  
 • Отбасылық, мемлекеттік қандай мерекелерді білесің?

«Мереке» ұғымы барлық халықта бар. Мереке дегеніміз – мемлекеттік деңгейде ресми түрде бекітілген салтанатты мейрам. Мерекелер ұлттық, мемлекеттік, кәсіби (мұғалім, әскери, медицина...) және өзге де мерекелер (отбасылық: туған күн, тілашар) болып бөлінеді. Мемлекеттік мереке күндері халқымыз арнайы ұйымдастырылған концерт, түрлі сахналық қойылымдарды қызықтап, демалысын мәдениетті өткізеді.

2-тапсырма. Зерттеу.

Мемлекеттік деңгейде тойланатын мерекелердің бірі – 1 мамыр. Қазақстан халқының Бірлігі күні.




1 мамыр мерекесінде Қазақстандағы түрлі ұлт өкілдері бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Мерекеде әр ұлт ән шырқап, би билеп, өздерінің дәстүрлері мен салттарын, өнерлерін көрсетеді.

**3-тапсырма.** Орындау.

### Мерекедегі тұсаукесер

*(сахналық қойылым)*

 1 мамыр мерекесі күні Асқардың үйінде інісінің тұсаукесер тойы өтті. Тойға Асқардың жақын туыстары мен көршілері келді. Көршілердің ішінде түрлі ұлт өкілдері де бар. Тойда тұсаукесер жыры айтылып, орыс, татар, өзбек әндері шырқалды.

- ?! •** Берілген мәтінді сахналық қойылым түрінде көрсет.
- Сыныптастарыңмен бірге тұсаукесер жырын айтып, орыс, татар, өзбек халық әндерінен үзіндіні үш топқа бөлініп орындандар.



### Калинка-малинка

*(орыстың халық әні)*

Ах, под сосною, под зеленою,  
Спать положите вы меня.  
Ай, люли-люли, ай, люли-люли,  
Спать положите вы меня.

*Қайырмасы:*

Калинка, калинка, калинка моя,  
В саду ягода-малинка, малинка моя.  
Калинка, калинка, калинка моя,  
В саду ягода-малинка, малинка моя.  
Калинка, калинка, калинка моя,  
В саду ягода-малинка, малинка моя.



## Бойчечак

(*өзбектің халық әні*)

Бойчечагим бойланди,  
Қозон тўла айрондир,  
Айронингдан бермасанг,  
Қозон-товоғинг вайрондир.

*Қайырмасы:*

Қаттиқ ердан қазиб чиққан бойчечак,  
Юмшоқ ердан юмолаб чиққан бойчечак.  
Бола бола, бола, Бола бола, бола, Бойчечак!  
Бойчечак!

## Эй, алмагачлары – Сайрый сандугачлары

(*татардың халық әні*)

Эй, кирдим алма бахчасына.  
Алма жерга қуйылған,  
Жырлый алмыша,  
Тузей алмый.  
Жеген дуслар жйилған.

*Қайырмасы:*

Эй, алмагачлары,  
Сайрый сандугачлары.  
Сайрый, сайрый,  
Сайрый, сайрый  
Сагындыра башлады.

**4-тапсырма.** Таныстыру.

- Сахналық қойылымды таныстыр.

**5-тапсырма.** Бағалау.

- Сахналық қойылымға қатысқан әр топ бірін-бірі бағалайды.





## Көңілді адымдайық

1-тапсырма. Ақпарат іздеу.



Бейнетаспадан әскери шеруді тамашала. Байқайсың ба, мерекеде барлық әскерилер бір сапта бірге адымдап, бір ырғақта қадам жасайды. Мұндай бірнеше адамның сапта бірге жүру үйлесімін қамтамасыз ететін музыкалық жанр «марш» деп аталады.

2-тапсырма. Тыңдау және орындау.



### Ән сал, сарбаз!

Өлеңін жазған: Р. Бейсенұлы

Әнін жазған: О. Сәдуақас

1. Сайдың серке тасындай қатар тізілген,  
Шеру тартқан көркіңе елің сүйсінген,  
Ән салшы, сарбазым, назданып салған өзіңе өнім.

*Қайырмасы:*

Ай-хай, қамажайым-ай, салған өнің-ай.  
Жабырқадым, ай-хай, күтсең болғаны-ай!

2. Ер жігітке аманат туған даласы,  
Даласына жарасар сұңқар баласы.  
Ән салшы, сарбазым, күтумен жүрмін өзіңді, жаным.

*Қайырмасы:*

Пай-пай, қырандарым-ай, ұландарым-ай,  
Шарықтасын, ай-хай, ұрандарың-ай.



- ?! «Ән сал, сарбаз!» әнін тыңда, бейнетаспадан көр.**
- Ән қандай көңіл күйде орындалды?
  - Әннің екінші шумағы мен қайырмасын қыздар орындасын, ұлдар орындарында тұрып, ән ырғағына адымдасын.

**3-тапсырма. Суырыпсалма.**

- ?! • Ұлдар «Ән сал, сарбаз!» әнінің «Ай-хай, қамажайым-ай, салған әнің-ай. Жабырқадым, ай-хай, күтсең болғаны-ай» деген қайырмасын орындайды.**
- Қайырмадан кейін ұлдар (қолымен, қалам көмегімен) марштық ырғақты көрсетеді.
  - Қыздар осы ырғаққа «Қамажай» әнінің өуенін *ля* буынында орындайды.

**4-тапсырма. Таныстыру және бағалау.**

- ?! • Суырыпсалманы орында, таныстыр және бағала.**



## Мерекелі мамыр

**1-тапсырма. Ақпарат іздеу.**





**?!** Мамыр айындағы халқымыз үшін қастерлі мерекелердің бірі – 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Берілген бейнежазба мен суретке қарай отырып, Ұлы Жеңіс күні жөнінде әңгімеле. Өзінің ерлігімен Отанын қорғаған қазақ майдангерлерін есіңе түсір.

**2-тапсырма.** Музыка тыңдау және талдау.

## День Победы

*Өлеңін жазған: В. Харитонов  
Әнін жазған: Д. Тухманов*

**?!** Бейнетаспадан «День Победы» («Жеңіс күні») әнін тыңда.

- «День Победы» әні қандай музыкалық жанрда жазылған (марш, би сипатында, лирикалық)?
- Музыкалық шығарманы қандай аспаптармен орындаған?
- Қалай ойлайсың, салтанатты үлкен шерулерге қандай оркестр (симфониялық, әскери оркестр, үрлемелі аспаптар оркестрі, халық аспаптар оркестрі, эстрадалық оркестр) қатысады?

**3-тапсырма.** Зерттеу.

- Әскери оркестр құрамына кіретін аспаптармен таныс.

жезді	ағаш	ұрмалы
 <p>тромбон</p>  <p>саксофон</p>  <p>туба</p>  <p>труба</p>  <p>валторна</p>	 <p>гобой</p>  <p>кларнет</p>  <p>фагот</p>  <p>флейта</p>	 <p>үлкен барабан</p>  <p>тарелка</p>  <p>кіші барабан</p>



4-тапсырма. Орындау.



## Егемен елім

Өлеңін жазған: О. Нұрмахан      Әнін жазған: А. Алмағанбетов

Көңілім күмбез күн еді,  
Тегінде бастау тілегі.  
Ұрпағы сайын даланың  
Елім деп соққан жүрегі.

Бұзылмас бірлік қаймағы,  
Жасампаздығы жайдары.  
Сөгілмес кие ақ сауыт,  
Ұлтымның ұлан айбары.

*Қайырмасы:*

Даладан алып кеңдікті,  
Тұмарлап сәби теңдікті.  
Байрақты биік көтердік,  
Қастерлеп егемендікті.

- ?! •** Әннің өлең жолдарына назар аудар.
- Ән шумағы мен қайырмасының әуенінде қандай орындалу ерекшеліктерін байқадың?
- Әнді жігерлі, көтеріңкі көңіл күйде орында.

5-тапсырма. Орындау.

- ?! •** «Егемен елім» әнін қыздар мен ұлдарға бөлініп, кезектесе хормен орындаңдар. Әннің бірінші шумағының 1, 2, 5, 6-тармақтарын ұлдар, 3, 4, 7, 8-тармақтарын қыздар орындайды. Қайырмасын бірге орындаңдар.

6-тапсырма. Таныстыру және бағалау.


- ?! •** Орындаған әнді сыныптастарыңа таныстыр және бағала.



## Балалар мерекесі

**1-тапсырма.** Ақпарат іздеу.



 1 маусым – Балаларды қорғау күні. Оны көп елдер атап өтеді. Себебі ол 1950 жылдан бастап халықаралық мереке болып саналады.

- ?! •** Бейнетаспадан Балалар мерекесін тамашалап, сыныптастарыңмен бірге осы мейрам жөнінде ойыңды ортаға сал. Өзіңнің туған жеріңде Балалар мерекесі қалай аталып өтеді?

**2-тапсырма.** Талқылау.

Сыныптастарыңмен бірге «Балалар мерекесін» ұйымдастыруға қатыс. Бағдарламаны өзің өткен тақырыптарың бойынша музыкалық орындау, музыкалық ойын ойнау түрінде жоспарла.



### 3-тапсырма. Ойын.

#### Музыкалық ойын

- Суреттер қай әндердің мазмұнына сәйкес?



- Берілген ноталарға қарап әнді, күйді тап.



- «Кемпірқосақ» өнінің өлең жолдарын ретімен қой.

Өзен-көлдің үстіне  
Күннің көзі ашылды.  
Кемпірқосақ асылды,  
Жаңбыр жауып басылды.



- «Мәңгілік ел жастары» әнінің өлең жолдарын ретімен қой.

Ұлы Дала жерімнен,  
Болашаққа сеніммен.  
Елім менің қарайды  
Қыран ұшқан көгімнен.

- Біржан салдың «Он саусақ» әнінің қайырмасындағы реттілікті көрсет.

Жиын-тойдың ішінде  
Он саусағым бір баспай,  
Ән саламын осылай,  
Жүрмін қалай жер баспай.

#### 4-тапсырма. Зерттеу.

- Суреттегі атақты тұлғаларды ата.





- Берілген театрлар қай мемлекеттерде орналасқан?







5-тапсырма. Орындау.



## Құлыншақ

Өлеңі мен сөзін жазған: Т. Тоғжанов



Күн нұрынан жаралғандай,  
 Асылым, еркем.  
 Қылығыңа көз тоймайды,  
 Сөздерің әсем.  
 Арда елдің ерке өскен  
 Ар-намысы – сен.  
 Ата-анаңның мақтанышы,  
 Қуанышы – сен.

*Қайырмасы:*

Сен бақытымсың,  
 Сен асылымсың.  
 Сен арманымсың,  
 Сен жалғасымсың.



• «Құлыншақ» өнін үйрен, көркемдеп орындау сайысына қатыс.



## БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР



### I. Тапсырмаларды орында

1. Сұрақтарға жауап бер.
  - Қандай кәсіби мерекелерді білесің?
  - Мамыр айында қандай мерекелер тойланады?
2. «Егемен елім» әнінің өлең жолдарын толықтыр.
 

Көңілім күмбез ... ,  
 ... бастау тілегі  
 Ұрпағы сайын даланың  
 Елім деп соққан ...
3. «Құлыншағым» әнінің өлең жолдарын ретімен қой.

Асылым, еркем.  
 Күн нұрынан жаралғандай  
 Сөздерің әсем.  
 Қылығыңа көз тоймайды,  
 Ар-намысы – сен.  
 Арда елдің ерке өскен,  
 Қуанышы – сен.  
 Ата-анаңның мақтанышы.

### II. Тест сұрақтары


- 1) Салт-дәстүрге қатысты ән.
  - A. «Егемен елім»
  - B. «Тұсаукесер»
  - C. «Ән сал, сарбаз!»
  - D. «Бойчечак»
  - E. «Калинка-малинка»
- 2) Ресми түрде бекітілген салтанатты мейрам.
  - A. Мұғалім күні
  - B. Құрылысшы күні



- С. Білім күні
- В. Спорт күні
- Е. 1 мамыр

### III. Сөзжұмбақты шеш

Сөзжұмбақты дұрыс шешсең, сен танысқан бөлім атауларына қатысты «мереке» сөзі шығады.



1. Бір сапта, бір ырғақта бірге адымдау.
2. Әскерилердің (сарбаздардың) мейрамдағы салтанатты сап түзеп жүруі.
3. Үрлемелі жезді аспап.
4. Көп аспаптардан құрылған топ.
5. Ұрмалы аспап.
6. Үрлемелі ағаш аспап.



## Сөзжұмбақтар мен торкөздердің шешуі

### 7-бет

- |           |           |
|-----------|-----------|
| 1. құстар | 7. тауық  |
| 2. мал    | 8. тәулік |
| 3. балық  | 9. су     |
| 4. бидай  | 10. жел   |
| 5. ағаш   | 11. күн   |
| 6. адам   | 12. теңіз |

### 42-бет

1. секунд
2. минут
3. сағат
4. тәулік
5. апта
6. ай
7. жыл

### 59-бет

1. Президент
2. туристер
3. концерт
4. Құланшы
5. Норман
6. композитор
7. секунд
8. Астана

### 63-бет

1. киіз үй
2. шаңырақ
3. кереге, шаңырақ
4. уық
5. есік
6. ши
7. белдеу

### 65-бет

1. терезе
2. балкон
3. ырғақ

### 71-бет

1. сопрано
2. тенор
3. контральто
4. бас
5. баритон
6. меццо-сопрано

### 88-бет

1. Көңілді құлын
2. Тоңмойын есек
3. Алдаркөсе
4. Аққу

### 89-бет

1. көлемді
2. сүйек
3. мүсін
4. темір
5. мүсінші
6. мүсіндеме
7. ендік
8. таң
9. тас
10. балшық
11. рельеф
12. жұмыр

### 91-бет

1. шумақ
2. шумақ, қайырма

### 96-бет

1. классикалық би
2. балет
3. халық биі
4. заманауи би
5. спорттық бал биі

### 113-бет

1. Махамбет
2. жетіген
3. Құрманғазы
4. Жұбанов
5. Маңмаңгер
6. канон

### 147-бет

1. марш
2. шеру
3. труба
4. оркестр
5. тарелка
6. кларнет



## Сөздік

Өріп	Аты	Түсінік
<b>А</b>	Абай Құнанбайұлы	ұлы ақын, ағартушы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, аудармашы, композитор
	Айтыс	«айтысу» деген сөзден шыққан. Ол өлең сөзбен жарысу деген мағынаны білдіреді
	Асылбек Абдырахман	ақын, балабақша балаларына, мектеп оқушыларына арналған әртүрлі тақырыпта көптеген өлеңдері бар
	Астана Опера	мемлекеттік опера және балет театры, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2010–2013 жылдары салынған
	Афиша	концерт, спектакль, лекция өткізу туралы хабарландыру
	Аюханов Болат Ғазизұлы	балет бишісі, актёр, педагог, балейтмейстер, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
<b>Ә</b>	Ән	ең кең таралған музыкалық шығармалар жанры, музыка және поэзия өнерлерінің туындысы
	Әуен	(грек. melodia – саз, әуез) – ырғақ пен әуез арқылы белгілі бір жүйеге түсіп, үйлесім құраған әртүрлі биіктіктегі дауыс қатары, яғни ән немесе күй сазы, бір дауыстық әуен музыкалық шығарманың көркемдік өзегін құрайды
<b>Б</b>	Бағдарламалық музыка	таза аспаптық немесе оркестрлік музыкалық шығарманың түрі. Қандай да бір тақырыпқа арнайы жазылған музыка. Оның мазмұны композитордың берген атауы, болмаса шағын поэтикалық мәтінге байланысты ашылады
	Балет	сахналық би өнерінің бір түрі
	Би	музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер
	Большой театр (Үлкен театр)	Ресейдің Мемлекеттік академиялық Үлкен театры (Большой театр), Мәскеу қаласында орналасқан
	Бүшікова Әлия	балаларға арналған көптеген әндердің авторы, жас композитор. ҚР Композиторлар одағының мүшесі
<b>В</b>	Вокалдық музыка	музыка аспабының сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз жеке әншіге, хорға арналып жазылған музыкалық шығармалар
<b>Г</b>	Гранд-Опера. Париж	дүниежүзіндегі ең атақты, үздік опера және балет театрларының бірі, Гарнье сарайында орналасқан



<b>Д</b>	Дәулеткерей (1820–1887)	бұрынғы Орал облысында дүниеге келген. Ұлы күйші-композитордың «Жігер», «Ақ желең», «Қосалқа» күйлері халық арасына кең танымал
<b>Ж</b>	Жанр	әрбір өнердің ерекшелігіне байланысты түрлері. Француз тілінен аударғанда «тек», «түр» деген мағынаны білдіреді.
	Жұбанов Ахмет	қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижёр. Қазақстанның халық әртісі (1944), өнертану ғылымының докторы (1943), профессор (1948), академик
	Жиенқұлова Шара	атақты биші, педагог, Қазақстанның халық әртісі
<b>З</b>	Заманауи би	жаңаша түрдегі би қимылдары
<b>К</b>	Канон	грек тілінен аударғанда «ереже», «үлгі» деген мағынаны білдіреді. Музыкадағы канон дегеніміз – көп дауысты музыканың түрі. Мұнда бірінші дауыстағы әуенді екінші дауыс кезектесе қайталайды
	Қастеев Әбілхан	қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі
	Киіз үй	қазақ халқының тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі
	Классикалық би	хореографияның бір түрі, балеттің негізі
	Композитор	(лат. құрастырушы) – музыкалық шығармалардың авторы
	Концерт	алдын ала арнайы құрастырылған бағдарлама бойынша музыкалық, симфониялық, әдеби, хореографиялық, эстрадалық және сахналық шығармаларды көпшілік алдында орындау әрекеті
	Концерттік бағдарлама	жұрт алдында орындалатын шығармалар тізімі
	<b>Л</b>	Лад
Лирикалық өн		адамның ішкі сезімі мен толғанысын білдіреді



	«Ла Скала» опера және балет театры (Милан)	Италияның Милан қаласында орналасқан атақты опера және балет театры
	Либретто	операның қысқаша мазмұны
<b>М</b>	Марш	бір сапта, бір ырғақта бірге адымдау. Француз тілінен аударғанда «жүріс, сап түзеп жүру қозғалысы» деген мағынаны білдіреді
	Мажор	«үлкен, көңілді, қуанышты» деген мағынаны білдіреді
	Минор	«кіші, көңілсіз, мұңды» деген мағынаны білдіреді
	Мереке	мемлекеттік деңгейде, ресми түрде бекітілген салтанатты мейрам. Мерекелер ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби (мұғалім, әскери, медицина...) және өзге де мерекелер (отбасылық: туған күн, тілашар) болып бөлінеді
	Майлықожа ақын (1835–1898)	XIX ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішінде өзіндік орны бар, артына мол мұра қалдырған ақын
	Музыка	белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі
	Музыкалық бейне	композитордың тыңдармандарына музыка арқылы бейнеленген өмір құбылыстарын жеткізудегі пайдаланған көркемдеуіш құралдары
	Музыкалық форма	музыкалық шығармада бөлімдер мен бөліктердің белгілі бір орналасу тәртібі
	Мүсін	кеңістікте жан-жақты бейнеленген, сомдалған көркем шығарма
	Мүсінші	мүсін жасайтын адам
<b>О</b>	Опера	музыкалық өнер жанры. Онда вокалдық, аспаптық музыка, драматургия, хореография, бейнелеу өнері, театр әрекеті біріктірілген
	Оркестр	орындаудың ұжымдық түрі
<b>П</b>	Партитура	итальян тілінде <i>бөлу, жіктеу</i> деген мағынаны білдіреді. Оркестрге, ансамбльге арналған музыканы әр аспапқа нота арқылы жеке бөліп жазу. Партитура арқылы бір мезгілде барлық аспаптарда орындалып жатқан дыбысты қадағалауға болады
	Пауза	грек тілінен аударғанда үнсіздік, уақытша үнсіздік дегенді білдіреді. Музыкадағы пауза үзіліс жасау, тыныс алу белгісі ретінде қолданылады



	Постер	жарнама жасауға арналған көркем плакат. Онда өртістер, музыканттардың суреттері бейнеленеді
	Поэзия	өлең үлгісіндегі әдеби туынды. Поэзия сөздің ырғақтық құрылымына, ұйқасына негізделеді
<b>Р</b>	Регистр	музыкалық дыбыстардың түрлі биіктігі: жоғары, ортанғы, төмен
	Романс	аспап сүйемелінде жеке дауысқа арналып, лирикалық мазмұндағы өлеңге жазылған шағын музыкалық шығарма
<b>С</b>	Сазсырнай	үрлемелі аспап, күйдірген сазбалшықтан жасалады
	Сал, сері	бірнеше өнер түрлерін (ақын, әнші, композитор, импровизатор-суырыпсалма және т.б.) бойына сыйғызған адам
	Сәулет өнері	құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері
	Свиридов Георгий Васильевич (1915–1998)	Ресей композиторы, пианист. Түрлі жанрда музыка жазған. Әлемге танымал шығармалары: ақын А.С.Пушкиннің «Метель» атты повесіне жазылған музыкалық суреттемелер мен «Уақыт, алға!» оркестрлік сюитасы
	Сейфуллин Сәкен	қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын және жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері
	Сидней-Опера театры	Сидней қаласындағы музыкалық театр. Әлемдегі ең танымал ғимараттардың бірі, Австралияның символдарының бірі және континенттің көрікті жері
	Симфониялық поэма	симфониялық оркестр үшін жазылған музыкалық-поэтикалық шығарма
	Спорттық бал биі	жұптық би, спорт пен би біріктіріп, бишілер вальс, танго, фокстрот, румба және т.б. билер арқылы би билеу шеберлігін көрсетеді
	Сыбызғы	үрлемелі аспап, қамыстан немесе ағаштан жасалады
<b>Т</b>	Табиғат	бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, жер мен ай, күн және алыстағы жұлдыздар
	Театр	сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін бір түрі; ойын-сауық немесе спектакль
	Тембр	дыбыс бояуы (сапасы)
	Терме	қазақтың ең асыл деген нақыл, әсиет сөздерін теріп айту деген мағынаны білдіреді
	Термеші	терме әуенге қосып айтылады және оны орындаушыны термеші деп атайды.





	Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы (1925–1998)	Алматы облысында дүниеге келген. Белгілі композитор, дирижёр, күйші. 500-ден астам музыкалық шығармалардың авторы.
	Тілеуханов Бекболат	әнші, жыршы, педагог, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
	Төлегенова Бибігүл	белгілі әнші, КСРО халық әншісі, КСРО және Қазақстан мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Еңбек Ері
<b>Ф</b>	Форма	(лат. forma) түр, кескін, сыртқы бейне
<b>Х</b>	Халық биі	әр халықтың салт-дәстүріне, музыкасына негізделген би қимылдары
	Хамиди Латиф	композитор, ҚР халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
	Ханшатыр	Қазақстан Республикасының Астана қаласында орналасқан ірі ойын-сауық-сауда орталығы
	Хореография	би шығару өнері
<b>Ч</b>	Чайковский Петр Ильич	орыстың ұлы композитор-классигі. Балаларға арналған көптеген музыкалық шығармалар жазған
<b>Ш</b>	Шеру	әскерилердің (сарбаздардың) мейрамдағы салтанатты сап түзеп жүруі
	Штрих	дыбысты әртүрлі шығару тәсілі. Мысалы: легато – дыбыстар үзбей жалғасып, байланысқан түрде орындалады; нонлегато – әр дыбыс бөлек орындалады; стаккато – дыбыстар үзіліп, қысқаша түрінде орындалады
	Шумақтық форма	вокалдық музыкада ең қарапайым форма. Шумақтық формада музыка (өуен) қайталана береді, ал өлеңі өзгереді
	Шумақ және қайырма	вокалдық музыкада негізгі формалардың бірі
<b>Ы</b>	Ырғақ	музыкалық дыбыстардың заңдылық өлшемде алмасуы. Ырғақ – музыка, поэзия, бейнелеу өнері мен архитектурада негізгі мәнерлеу және түр тудыру құралдарының бірі. Музыкада музыкалық мелодияның ырғақтық құрылысы музыкалық заңдылықтармен айқындалады



## ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ОҚУ РЕСУРСТАРЫ

Сабақ тақырыбы	Оқу ресурстары
<b>1-бөлім. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ</b>	
Табиғат және музыка	1. Ethno-folk ensemble "TURAN" - Kazakh Land: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=3dhVgL8Jvzo">https://www.youtube.com/watch?v=3dhVgL8Jvzo</a> ; 2. Очень красивая радуга-Very beautiful rainbow: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=szsuiZYMzOE">https://www.youtube.com/watch?v=szsuiZYMzOE</a>
Музыкадағы жанды табиғат көріністері	1. Сазсырнай аспабы. (А.Құдайбергеновтың «Балдырған» күйі): <a href="https://www.youtube.com/watch?v=Xtdhwjt1MDw">https://www.youtube.com/watch?v=Xtdhwjt1MDw</a> ; 2. Сыбызғы аспабы. (А.Құдайбергеновтың Шоғанбай «Ұлар») <a href="https://www.youtube.com/watch?v=1C9U6FRwp24">https://www.youtube.com/watch?v=1C9U6FRwp24</a> ; 3. Сыбызғы сазсырнай. Мадина Ералиева: <a href="http://audio.nur.kz/1092419-madina-eralieva-sibizgi-saz-sirnaj">http://audio.nur.kz/1092419-madina-eralieva-sibizgi-saz-sirnaj</a> ; 4. Бибігүл Төлегенова. «Бұлбұл»: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=e6JvKBbH_gQ">https://www.youtube.com/watch?v=e6JvKBbH_gQ</a>
Музыкадағы жанды табиғат көріністері (жалғасы)	1. Бекболат Тлеухан - Япыр-ай: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=cgnuLwkVqqc">https://www.youtube.com/watch?v=cgnuLwkVqqc</a> . 2. «Табиғаттың музыкалық бейнелері» виртуалды ойынға: 1) Түркеш. «Көңіл ашар». Отырар сазы. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=BT8YAdLdEdE">https://www.youtube.com/watch?v=BT8YAdLdEdE</a> 2) Н.Тілендиев. күй "Аққу". Этно-фольклорный ансамбль Туран: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=0DxkutBY2CU">https://www.youtube.com/watch?v=0DxkutBY2CU</a> 3) Т. Токжанов – Р.Корсаков. Полет шмеля (ара ұшысы) <a href="https://www.youtube.com/watch?v=cH0hAggEvh0">https://www.youtube.com/watch?v=cH0hAggEvh0</a>
Табиғатты аялайық!	1. Қазақстан экологиясы: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=M1P-9HPsffU">https://www.youtube.com/watch?v=M1P-9HPsffU</a> ; 2. Батырхан Шукенов.Отан-Ана. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=ryWH0wLDr8w">https://www.youtube.com/watch?v=ryWH0wLDr8w</a> ; 3. Табиғатты аялайық: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=FMwi7amhUqA">https://www.youtube.com/watch?v=FMwi7amhUqA</a>
<b>2-бөлім. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН</b>	
Музыкадағы көңіл күй	«Жүгіріп шықтым белеске» (қазақтың халық әні), бейнежазба. <a href="http://videosoc.ru/video/FyqjvhX3vSc/">http://videosoc.ru/video/FyqjvhX3vSc/</a>
Музыкадағы көңіл күй (мұңды)	«Елім-ай». <a href="https://www.youtube.com/watch?v=snCRREiAmA8">https://www.youtube.com/watch?v=snCRREiAmA8</a>
Терме – нақыл, өсиет	Майлықожаның термесі, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=B9FqYl_po">https://www.youtube.com/watch?v=B9FqYl_po</a> ; <a href="https://www.youtube.com/watch?v=gPRR4SdD7GY">https://www.youtube.com/watch?v=gPRR4SdD7GY</a>
Айтыс – сөз сайысы	1. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=EDkWowtJ6Xo">https://www.youtube.com/watch?v=EDkWowtJ6Xo</a> . 2. <a href="http://www.wikiwand.com/kk/Бөдік">http://www.wikiwand.com/kk/Бөдік</a>
Жақсылық жасай білейік	Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия (аудио-бейне хрестоматия), Музыка, 3-сынып. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т., Хрестоматия, Музыка, 3-сынып



<b>3-бөлім. УАҚЫТ</b>	
<b>Музыка және уақыт</b>	Г. Свиридов. «Время, вперед!». Сим.оркестр <a href="https://www.youtube.com/watch?v=jda00F9OTNI">https://www.youtube.com/watch?v=jda00F9OTNI</a>
<b>Музыка уақыт толқынында</b>	Дәулеткерейдің күйі «Көрұғлы», орындаушы күйші Р.Ғабдиев <a href="https://www.youtube.com/watch?v=keIaTfiodHY">https://www.youtube.com/watch?v=keIaTfiodHY</a> . Көрұғлы күйіне бейнебаян <a href="https://www.youtube.com/watch?v=Oe6MeHTOQ7I">https://www.youtube.com/watch?v=Oe6MeHTOQ7I</a> . Дәулеткерейдің күйі «Көрұғлы», орындаушы «Ұлытау» тобы, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=nlit2t7TS8c">https://www.youtube.com/watch?v=nlit2t7TS8c</a>
<b>Көнеден жеткен жетіген</b>	1. Жетіген аспабының тарихы туралы бейнежазба, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=LLzbSoJWxQI">https://www.youtube.com/watch?v=LLzbSoJWxQI</a> . 2. Н.Тілендиев. «Аққу», жетіген аспабының орындауында, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=pAgWMLF5MRU">https://www.youtube.com/watch?v=pAgWMLF5MRU</a>
<b>Біздің оркестр</b>	1. Оркестр түрлері: «Сарыарқа». Құрманғазы оркестрі, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=7LYlBrGn9wQ">https://www.youtube.com/watch?v=7LYlBrGn9wQ</a> . Государственный духовой оркестр, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=mGR7wIwuUY4">https://www.youtube.com/watch?v=mGR7wIwuUY4</a> . Құрманғазы. «Балбырауын». Орын. ҚР академиялық симфониялық оркестрі. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=MMiRsaYM2II">https://www.youtube.com/watch?v=MMiRsaYM2II</a> . Ұрмалы және шулы аспаптар (Тико-Тико) <a href="https://www.youtube.com/watch?v=NUzVcD7Pm0g">https://www.youtube.com/watch?v=NUzVcD7Pm0g</a> . 2. Құрманғазы. «Балбырауын». Жеке орындауда. 3. Қ. Ахмедияров, <a href="http://audio.nur.kz/1042697-kyrmanfazi-balbirauin-(or-k-ahmediyarov)">http://audio.nur.kz/1042697-kyrmanfazi-balbirauin-(or-k-ahmediyarov)</a> . 4. Құрманғазы. «Балбырауын» оркестрдің орындауында, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=beSPeoJD5DY">https://www.youtube.com/watch?v=beSPeoJD5DY</a>
<b>4-бөлім. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ</b>	
<b>Музыка және сәулет</b>	1. Сәулет ғимараттарының суреттері («Бейбітшілік және келісім сарайы») <a href="http://samatshow.kz/ru/projects/299">http://samatshow.kz/ru/projects/299</a> ; 2. Сәулеттік нысандар: <a href="https://localway.ru/moscow/guide/291">https://localway.ru/moscow/guide/291</a>
<b>Музыка және сәулет (жалғасы)</b>	1. Киіз үй (құрылымы): <a href="https://www.youtube.com/watch?v=Tq8VuKBGtTw">https://www.youtube.com/watch?v=Tq8VuKBGtTw</a> ; 2. Фотографии Хан Шатыра: <a href="https://www.smileplanet.ru/kazakhstan/astana/khan-shatyr/photo/">https://www.smileplanet.ru/kazakhstan/astana/khan-shatyr/photo/</a> ; 3. Сидней опера театры: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=2W3xH3nWjoQ">https://www.youtube.com/watch?v=2W3xH3nWjoQ</a>
<b>Өлемдегі театрлар</b>	1. Өлемдік театрлар: <a href="http://www.kulturologia.ru/blogs/070315/23578/">http://www.kulturologia.ru/blogs/070315/23578/</a> ; 2. Астана Опера, бейнежазба: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=LmYp_xqjSZk">https://www.youtube.com/watch?v=LmYp_xqjSZk</a> ; Астана Опера театры туралы мағлұмат: <a href="http://astanaopera.kz/о-театре/">http://astanaopera.kz/о-театре/</a> ; 3. Певческие голоса в опере. 8.01 мин. (1,11/2,22): <a href="https://www.youtube.com/watch?v=A-10XEU4SgY">https://www.youtube.com/watch?v=A-10XEU4SgY</a> ;



	<p>4. «Алдаркөсе айлакерлігі» шығармашылық ойынға:                      1) Алдар Көсе. Он тақия.6,36 мн.: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=SE6qX_Wz5ew">https://www.youtube.com/watch?v=SE6qX_Wz5ew</a>;                      2) Алдар Көсе. Көне домбыра. 7,56 мн.: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=yMhRYhTsQxU">https://www.youtube.com/watch?v=yMhRYhTsQxU</a>;                      3) Алдар Көсе. Өнші бай. 6,07 мн.: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=zFxsuyitFLO">https://www.youtube.com/watch?v=zFxsuyitFLO</a></p>
<b>5-бөлім. ӨНЕР</b>	
<b>Музыка және поэзия</b>	<p>1. «Көкшетау» (өні мен өлеңі С. Сейфуллиндікі): Рамазан Стамғазиевтың орындауында:  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=MbOIb9C3ndM">https://www.youtube.com/watch?v=MbOIb9C3ndM</a>;                      2. Абай Құнанбаев «Желсіз түнде жарық ай»: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=C4nHPFUk-H8">https://www.youtube.com/watch?v=C4nHPFUk-H8</a>;                      3. Абай Құнанбаев туралы:  <a href="https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%9A%D2%B1%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B">https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%9A%D2%B1%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B</a></p>
<b>Музыка бейнелейді</b>	<p>1. Быт и традиции казахского народа в живописи: <a href="http://www.kettik.kz/?p=38185">http://www.kettik.kz/?p=38185</a>;                      2. А.Исакова. «Весенний ливень»: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=0xF71qv07_g">https://www.youtube.com/watch?v=0xF71qv07_g</a>;                      3. О Әбілхане Қастееве: <a href="http://www.tarih.spring.kz/kk/history/postwar/figures/kasteev/">http://www.tarih.spring.kz/kk/history/postwar/figures/kasteev/</a>                      4. Живопись А. Кастеева: <a href="http://www.gmirk.kz/index.php/ru/izobrazitelnoe-iskusstvo-kazakhstan/zhivopis/zhivopis-a-kasteeva/">http://www.gmirk.kz/index.php/ru/izobrazitelnoe-iskusstvo-kazakhstan/zhivopis/zhivopis-a-kasteeva/</a>                      5. «Музыка және сурет» ойынына:                      1) Легенда о домбре. Н.Мендығалиев.орн. Ж. Аубакирова.  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=obn5jFzKBfI">https://www.youtube.com/watch?v=obn5jFzKBfI</a>;                      2) Қасқыр. Халық күйі. Орн. Ж.Қаламбаев.  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=Bm5nHpqoNE0">https://www.youtube.com/watch?v=Bm5nHpqoNE0</a>;                      3) Көкек. хал.күйі. Орн.Ж.Жүсіпова.  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=XpJM3zKkGbU">https://www.youtube.com/watch?v=XpJM3zKkGbU</a></p>
<b>Музыка және мүсін</b>	<p>1. Мүсіндердің түрлері: <a href="http://www.novate.ru/blogs/020715/31978/">http://www.novate.ru/blogs/020715/31978/</a>;                      2. Музыка и скульптура: <a href="https://www.google.kz/search?q=музыка+и+скульптура&amp;tbm...">https://www.google.kz/search?q=музыка+и+скульптура&amp;tbm...</a>                      3. Құрманғазы мүсіні: <a href="https://www.google.kz/search?q=Құрманғазы+мүсіні&amp;tbm=isch&amp;tbo;">https://www.google.kz/search?q=Құрманғазы+мүсіні&amp;tbm=isch&amp;tbo</a>;                      4. Қобыз мүсіні: <a href="https://www.google.kz/search?q=қобыз++мүсіні&amp;tbm=isch&amp;tbo">https://www.google.kz/search?q=қобыз++мүсіні&amp;tbm=isch&amp;tbo</a></p>
<b>Музыка және форма</b>	<p>1. Ахан сери, "Кара торгай" исп. ГХК им.Б.Байқадамова  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=2TuNr_ilPm4">https://www.youtube.com/watch?v=2TuNr_ilPm4</a>;                      2. П.И. Чайковский. Детский альбом. <a href="http://classic.chubrik.ru/Tchaikovsky/DetskyAlbom_Pletnev.html">http://classic.chubrik.ru/Tchaikovsky/DetskyAlbom_Pletnev.html</a></p>
<b>Музыка және қозғалыс</b>	<p>1. Қосалқа биі: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=3q-HbYqpm4o">https://www.youtube.com/watch?v=3q-HbYqpm4o</a>;                      2. Би өнері: <a href="https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B8_(%D3%A9%D0%BD%D0%B5%D1%80)">https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B8_(%D3%A9%D0%BD%D0%B5%D1%80)</a>;</p>



	<p>3. Шара Жиенқұлова туралы: <a href="http://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/703/">http://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/703/</a>;</p> <p>4. Ш. Жиенқұлованың биі. (1мн.) 1938-39 ж.: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=qij8hEVBaN4">https://www.youtube.com/watch?v=qij8hEVBaN4</a>;</p> <p>5. Болат Аюханов туралы: <a href="http://alashainasy.kz/omir/bolat-gazizulyi-ayuhanov-54013/">http://alashainasy.kz/omir/bolat-gazizulyi-ayuhanov-54013/</a>;</p> <p>6. История одного шедевра. (25 мин). <a href="https://www.youtube.com/watch?v=XiZtPozHMpI">https://www.youtube.com/watch?v=XiZtPozHMpI</a></p>
<b>6-бөлім. АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАР</b>	
<b>Ұлы Дала сал-серілері (Біржан сал)</b>	<p>1. Біржан сал фильмінен үзінді, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=Cpvs6f4R34g">https://www.youtube.com/watch?v=Cpvs6f4R34g</a>.</p> <p>Сал, сері жайында мәліметтер, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=b71CVihZ63M">https://www.youtube.com/watch?v=b71CVihZ63M</a>.</p> <p>2. Біржан салдың «Он саусақ» әні, орындайтын Р. Стамғазиев. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=9qRzOX4m-zY">https://www.youtube.com/watch?v=9qRzOX4m-zY</a></p>
<b>Ұлы Дала сал-серілері (Ақан сері)</b>	Ақан сері. «Маңмаңгер». Орындайтын Ерлан Рысқали, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=iEW8KULpnkg">https://www.youtube.com/watch?v=iEW8KULpnkg</a>
<b>Жалынды ақын-күйшілер</b>	<p>1. Құрманғазының күйі «Адай». Р. Ғабдиев ұнтаспа, сайттық сілтеме, <a href="http://audio.nur.kz/1042705-kyrmanfazi-adaj-kyji">http://audio.nur.kz/1042705-kyrmanfazi-adaj-kyji</a>.</p> <p>2. Махамбеттің күйі «Жұмыр-Қылыш». Қаршыға Ахмедияровтың орындауында, ұнтаспа mp3</p>
<b>Қазақ оркестрін тұңғыш ұйымдастырушы – Ахмет Жұбанов</b>	А. Жұбанов. «Би» күйі, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=EsX_W2BbokQ">https://www.youtube.com/watch?v=EsX_W2BbokQ</a>
<b>Музыкалық калейдоскоп</b>	<p>Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия (аудио-бейне хрестоматия), Музыка, 3-сынып.</p> <p>Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т., Хрестоматия, Музыка, 3-сынып</p>
<b>7-бөлім. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ</b>	
<b>Су әуені</b>	<p>1. Звук ручья: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=JFkW50hBFWg">https://www.youtube.com/watch?v=JFkW50hBFWg</a> ;</p> <p>2. Fantastic music played with glasses: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=-LqqrRRjiZk">https://www.youtube.com/watch?v=-LqqrRRjiZk</a>;</p> <p>3. 1) Звук, шум дожда, раскаты грома: <a href="http://ecosounds.net/dozhd/zvuk-i-shum-dozhdya/">http://ecosounds.net/dozhd/zvuk-i-shum-dozhdya/</a>;</p> <p>2) Волны на озере: <a href="http://noisefx.ru/skachat-zvuk-ozera.html">http://noisefx.ru/skachat-zvuk-ozera.html</a></p>
<b>Өзеннің көркем нақыштары</b>	<p>1. Еділ мен Жайық!!! Айгүл Қосанова. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=gyjS77fW5nI">https://www.youtube.com/watch?v=gyjS77fW5nI</a>;</p> <p>2. Бедржиха Сметана «Влтава» (Тыңдау): <a href="https://www.youtube.com/watch?v=45OFJN7qQnA">https://www.youtube.com/watch?v=45OFJN7qQnA</a>;</p> <p>3. Бедржиха Сметана «Влтава». <a href="https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D1%8F">https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D1%8F</a></p>



<p><b>Айдынды шалқар Аралым!</b></p>	<p>1. Табиғатты аялайық : <a href="https://www.youtube.com/watch?v=zZVw_srKlOk">https://www.youtube.com/watch?v=zZVw_srKlOk</a>;</p> <p>2. Диана Шарапова – «Аралдан ұшқан аққулар»: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=_U_x1jQYJPw">https://www.youtube.com/watch?v=_U_x1jQYJPw</a>;</p> <p>3. «Аралым» виртуалы ойынға бейнежазбалар:                  1) Jado-Aralym 2010 year: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=Nvxq5bAToKQ">https://www.youtube.com/watch?v=Nvxq5bAToKQ</a>;</p> <p>2) Елмұра Жаңабергенова – терме "Аралым айдың шалқарым": <a href="https://www.youtube.com/watch?v=YQxNu02u9uY">https://www.youtube.com/watch?v=YQxNu02u9uY</a>;</p> <p>3) Аралым: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=rk_T5dCQtAI">https://www.youtube.com/watch?v=rk_T5dCQtAI</a>;</p> <p>4. Audacity музыкалық компьютерлік бағдарламасы <a href="http://www.softportal.com/software-12584-audacity.html">http://www.softportal.com/software-12584-audacity.html</a></p>
<p><b>Су – ырыс көзі</b></p>	<p>1. Айтыс Оркестров (12.27 мн.) <a href="https://www.youtube.com/watch?v=Ch8MxyE82kQ">https://www.youtube.com/watch?v=Ch8MxyE82kQ</a>;</p> <p>2. Ерке Есмахан – «Ақ ерке-Ақжайық»: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=ETWr5gwill4">https://www.youtube.com/watch?v=ETWr5gwill4</a>;</p> <p>3. «Каспий» тобы - «Сырдария жағалауы»: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=wGa5Nj6NJg0">https://www.youtube.com/watch?v=wGa5Nj6NJg0</a>;</p> <p>4. «Сюрприз» ансамб. «Цыплята» биі: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=MhJp0ZDv14I">https://www.youtube.com/watch?v=MhJp0ZDv14I</a>;</p> <p>5. Концерт (орыс тілінде):                  1) <a href="https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%86%D0%B5%D1%80%D1%82">https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%86%D0%B5%D1%80%D1%82</a>;</p> <p>2) Концертті қалай ұйымдастыруға болады (орыс тілінде): <a href="http://www.master-skills.ru/articles/business/81-concert">http://www.master-skills.ru/articles/business/81-concert</a></p>
<p><b>8-бөлім. ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР</b></p>	
<p><b>Мерекелік қуаныш</b></p>	<p>1. Татар халық өні «Әй, аламаагачлары – Сай-рый сандугашлары», <a href="https://www.youtube.com/watch?v=TwJgPZGPF0I">https://www.youtube.com/watch?v=TwJgPZGPF0I</a>.</p> <p>2. Өзбек халық өні «Бойчечак», <a href="https://www.youtube.com/watch?v=dBV4Tk29arw">https://www.youtube.com/watch?v=dBV4Tk29arw</a>.</p> <p>3. «Калинка-малинка» (орыстың халық өні), <a href="https://www.youtube.com/watch?v=fi9cmeV6d0">https://www.youtube.com/watch?v=fi9cmeV6d0</a></p>
<p><b>Көңілді адымдайық</b></p>	<p>1. Өскери шеру (парад), <a href="https://www.youtube.com/watch?v=TzFsIxhwa9A">https://www.youtube.com/watch?v=TzFsIxhwa9A</a>.</p> <p>2. «Өн сал, сарбаз!». Өлеңін жазған: Р. Бейсенұлы                  Өнін жазған: О.Сәдуақас,  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=SYeWQRXire0">https://www.youtube.com/watch?v=SYeWQRXire0</a></p>
<p><b>Мерекелі мамыр</b></p>	<p>1. Жеңіс күніне арналған материалдар, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=_5ZLNi8zfkW">https://www.youtube.com/watch?v=_5ZLNi8zfkW</a>.</p> <p>2. «День Победы». Өлеңін жазған: Г. Харитонов, өнін жазған: Д. Тухманов, военный духовой оркестр, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=PFnYgqCQR0U">https://www.youtube.com/watch?v=PFnYgqCQR0U</a></p>
<p><b>Балалар мерекесі</b></p>	<p>Балалар қорғау күні бейнежазба, <a href="https://www.youtube.com/watch?v=sn5eKMrkPJ4">https://www.youtube.com/watch?v=sn5eKMrkPJ4</a></p>



## МАЗМҰНЫ

Жас дос! .....	3
----------------	---

### ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

1-сабақ. Табиғат және музыка.....	6
2-сабақ. Музыкадағы жанды табиғат көріністері.....	11
3-сабақ. Музыкадағы жанды табиғат көріністері ( <i>жалғасы</i> ) .....	15
4-сабақ. Табиғатты аялайық! .....	17
Білімінді тексер .....	22

### ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

5-сабақ. Музыкадағы көңіл күй .....	26
6-сабақ. Музыкадағы көңіл күй ( <i>мұңды</i> ) .....	29
7-сабақ. Терме – нақыл, өсиет .....	31
8-сабақ. Айтыс – сөз сайысы .....	34
9-сабақ. Жақсылық жасай білейік .....	37
Білімінді тексер .....	39

### УАҚЫТ

10-сабақ. Музыка және уақыт .....	42
11-сабақ. Музыка уақыт толқынында .....	45
12-сабақ. Көнеден жеткен жетіген.....	48
13-сабақ. Біздің оркестр.....	51
Білімінді тексер .....	54

### СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

14-сабақ. Музыка және сәулет .....	58
15-сабақ. Музыка және сәулет ( <i>жалғасы</i> ).....	64
16-сабақ. Өлемдегі театрлар.....	69
Білімінді тексер .....	74

### ӨНЕР

17-сабақ. Музыка және поэзия.....	78
18-сабақ. Музыка бейнелейді .....	82
19-сабақ. Музыка және мүсін.....	86
20-сабақ. Музыка және форма.....	90
21-сабақ. Музыка және қозғалыс .....	95
Білімінді тексер .....	99

### АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР

22-сабақ. Ұлы Дала сал-серілері .....	102
23-сабақ. Ұлы Дала сал-серілері .....	104
24-сабақ. Жалынды ақын-күйшілер .....	107
25-сабақ. Қазақ оркестрін тұңғыш ұйымдастырушы – Ахмет Жұбанов ...	109
26-сабақ. Музыкалық калейдоскоп .....	111
Білімінді тексер .....	113

### СУ – ТІРШЛІК КӨЗІ

27-сабақ. Су өуені.....	116
28-сабақ. Өзеннің көркем нақыштары .....	118
29-сабақ. Айдынды шалқар Аралым!.....	121
30-сабақ. Су – ырыс көзі .....	124
Білімінді тексер .....	130

## ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР

31-сабақ. Мерекелік қуаныш .....	134
32-сабақ. Көңілді адымдайық .....	137
33-сабақ. Мерекелі мамыр .....	138
34-сабақ. Балалар мерекесі .....	141
Білімді тексер .....	146
Сөзжұмбақтар мен торкөздердің шешуі .....	148
Сөздік .....	149
Пайдаланылатын оқу ресурстары .....	154

Оқу басылымы

**Құлманова Шолпан Бөрібайқызы**  
**Сүлейменова Бота Раманқұлқызы**  
**Тоқжанов Төлепберген Төрахметұлы**  
**Махамбетова Жеңіскүл Шахзадақызы**

### МУЗЫКА

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Р. Райбаева*  
Көркемдеуші редакторы *Н. Тілеуімбеков*  
Суретшісі *Д. Сабитаева*  
Фотосуреттерді түсірген *А. Устиненко*  
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*  
Корректоры *Е. Амангелді*  
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 024

Теруге 27.01.2018 берілді. Басуға 19.05.2018 қол қойылды. Пішімі 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,0. Есептік баспа табағы 6,84.  
Таралымы 200 000 дана. №3446 тапсырыс.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

